

15-ші НАУРЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ

Президент Жарлығына сәйкес елімізде 15 наурызда Республикалық референдум өткізіледі.

Орталық референдум комиссиясы «Республикалық референдумды өткізу және ұйымдастыру» мәселелеріне арналған Күнтізбелік жоспарды бекітті.

Қазіргі таңда референдумды ұйымдастыру мәселелеріне қатысты дайындық жұмыстары жүргізілуде.

- Референдум күні Қызылорда өңірінде 9 аумақтық, 378 референдум учаскесі жұмыс жасайды. Оның 126-ы Қызылорда қаласында, қалғандары аудандарда.

Облыс бойынша 63 аумақтық комиссия, 2705 учаскелік референдум комиссиясының мүшелері қызмет атқарады.

Қазіргі таңда учаскелерді жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Дауыс беру кабиналары арнайы ширмамен жабдықталып, мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жағдайлар жасалады. Бұл ретте жергілікті әкімдіктермен бірлескен жұмыс бар.

Аймақта 497 350 дауыс беруші азамат тізімге енгізілген,-деді Қызылорда облысының аумақтық референдум

комиссиясының төрағасы Өділбек Ерсұлтанов.

Комиссия мүшелерінің біліктілігін арттыру бағытында оқыту жұмыстары жүргізіледі. Көшпелі оқытуға қала және аудандағы аумақтық сайлау комиссиясының 56 мүшесі мен учаскелердегі 1190 комиссия мүшесі қамтылады. Қалған комиссия мүшелері каскад әдісімен оқытылады.

Бүгінгі күні Қызылорда облысында 23 қоғамдық бірлестік аккредиттациядан өткізілді. Олар Референдум процесі кезінде бақылау жұмыстарын жүргізе алады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№7
(1814)
20 ақпан
2026 жыл
Жұма

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжамат Ақшамы Газеті

Қызылорда облысының Бас имамы Дастан ҚҰРМАНБАЕВ:

ОРАЗАНЫҢ КЕМЕЛДІГІ – ОНЫҢ ІШКІ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДЕБІНДЕ

Асақамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барша мадақ пен мактау Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға болсын! Оның сүйікті құлы әрі елшісі Мұхаммед пайғамбарымызға, оның отбасы мен сахабаларына салауаттар мен сәлемдер болғай! Баршамызды айлардың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын!

Адамзат баласына тура жол нұсқаушы ретінде жіберілген Құран Кәрім түсе бастаған, он екі айдың сұлтаны Рамазан – мұсылман үмбеті үшін рухани жаңғыру мен кемелдікке ұмтылу кезеңі. Ол – жай ғана аштық пен шөлдің айы емес, рухани кемелденудің, нәпсіні тәрбиелеудің және Алланың шексіз рақымына бөленудің алтын дінгеі. Осы айдың әрбір сәті, әрбір минуты – мұсылман баласы үшін зор мүмкіндік. Біздің асыл дінімізде бұл ай «сауаптар еселеніп жазылатын ай» деп сипатталады.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімдегі «Бақара» сүресінің 183-аятында: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, солайша тақуалыққа жетерсіңдер»деп бұйырған. Осы қасиетті аят ораза ғибадатының түпкі мақсаты – «тақуалық» екенін айқын көрсетеді. Тақуалық – Жаратқанның алдындағы жауапкершілікті сезіну, тыйымдарынан алыс болып, бұйрықтарына мүлтіксіз бойғысуну.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде Рамазан айының артықшылықтары өте терең баяндалған. Алла елшісі: «Рамазан айы келгенде жәннат есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады және шайтандар кісенделеді» деп сүйіншілеген. Бұл хадистің терең мәні бар. Шайтандардың кісенделуі – адамның бойындағы жаман қасиеттердің, нәпсінің тізгінделуіне мүмкіндік береді. Ал жәннат есіктерінің ашылуы – бұл айда жасалған әрбір игі істің сауабының ерекше екенін, Алланың рақым есігі баршаға ашық екенін білдіреді. Расында да, Рамазан – адамның ішкі әлеміндегі ізгілік пен жамандықтың арпалысында иманның жеңіске жететін шағы.

Оразаның сауабы туралы айтқанда, оның басқа құлшылықтардан айырмашылығын ескеруіміз қажет. Барлық жақсы амалдар үшін он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылса, оразаның жөні бөлек. Күдсі хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін, оның сыйын (сауабын) Өзім беремін»деген. Бұл – ораза ұстаушының ықыласы мен ниетіне берілген ең жоғары баға. Ораза ұстаушының сауабын ешбір таразы өлшей алмайды, оны тек Алла Тағала Өзінің шексіз жомарттығымен береді. Сондықтан, Рамазан айында жасалған әрбір садақа, оқылған әрбір аят,

айтылған әрбір жылы сөз мың еселенген сауап болып қайтады.

Рухани тұрғыдан алғанда, Рамазан айы – пенденің жүрегін дүниеуи кірлерден, қасандықтан және күнәлардан арылтатын ұлы тәрбие мектебі. Осы кезеңде адам баласы тек физикалық қажет-



тіліктерден ғана емес, сонымен бірге жаман ойлардан, ғайыптан, өтірік пен арам істерден іргесін аулақ салуы тиіс. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім өтірік айтуды және соған сәйкес амал етуді қоймаса, оның ішіп-жеуден тыйылуының Аллаға қажеті жоқ»деп ескерткен. Демек, оразаның кемелдігі – оның ішкі мазмұны мен әдебінде. Шынайы ораза – тілдің, көздің, құлақтың және жүректің оразасы.

Сабырлылық – иманның негізі. Ал Рамазан – сабыр айы. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сабыр – иманның жартысы, ал ораза – сабырдың жартысы» деген сөзі оразаның адам ерік-жігерін шыңдауыға рөлін айқындайды. Аштық пен шөлге төзу, нәпсінің қалауларына «жоқ» деп айту – адамның өз-өзін басқару қабілетін арттырады. Осы сабыр арқылы пенде қиындықтарға қарсы тұруға, өзгелердің мұқтаждығын түсінуге және қанағат етуге дағдыланады.

Рамазан – жомарттық пен қайырымдылықтың салтанат құратын айы. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл айда бұрынғыдан да жомарт болып, мұқтаждарға қол ұшын созуға асығатын. Тіпті, оның жомарттығын сахабалар «соққан желден де жылдам еді» деп

сипаттаған. Мұсылман қауымы үшін осы айда берілетін садақаның, жасалатын жақсылықтың орны бөлек. Әсіресе, ораза ұстаған жанға ауызашар берудің сауабы орасан зор. Хадисте: «Кімде-кім ораза ұстаушының аузын аштырса, оған да ораза ұстаушының сауабындай сауап жазылады. Бұл ораза ұстаушының сауабын еш кемітпейді» деп баяндалған. Бұл қоғамдағы бауырмалдықты, ауызбіршілікті және мейірімділікті арттыратын маңызды фактор.

Ал садақа беру – тек мал-мүліктің азаюы емес, керісінше оның берекесінің артуы. Берекелі айдың тағы бір ұлы нығметі – Қадір түні. Құран Кәрімде «мың айдан да қайырлы» деп сипатталған түнде жасалған құлшылықтың сауабы адамның бүкіл ғұмырына татиды. Рамазанның соңғы он күндігінде жасырылған аталған түнді іздеу, оны құлшылықпен, дұғамен өткізу – әрбір мұсылманның басты мақсаты.

Рамазан айындағы құлшылықтардың жүйелілігі мен тереңдігі мұсылманның өмір салтын реттейді. Таң сәріден сәресі ішу, күні бойы ораза ұстап, кеш батқанда ауыз ашу, содан кейін тарауық намаздарына қатысу – мұның барлығы адамды тәртіпке, уақытты тиімді пайдалануға және жамағатпен бірлікте болуға тәрбиелейді. Оразаның физиологиялық пайдасымен қатар, оның жоюшылық және әлеуметтік маңызы ғылыми тұрғыдан да дәлелденген. Алайда, мүмін ішін басты мақсат – Жаратушының әмірін орындау арқылы Оның разылығына бөлену. Сонда ғана рухани және физикалық саулық қатар келеді.

Қазіргі таңда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан Рамазан айының рухани мәнін халыққа жеткізу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мешіттердегі уағыз-насихат жұмыстары мен ғылыми-танымдық материалдар мұсылман үмбетінің діни сауаттылығын арттырып, оразаның шарттары мен әдептерін терең түсінуге септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, Рамазан – пенде мен Жаратушы арасындағы байланыстың ең жоғары деңгейге көтерілетін кезеңі. Осы айда жасалған әрбір дұға, оқылған әрбір аят пен берілген әрбір садақа ақыретте біз үшін нұр және шапағатшы болады. Ораза – қиямет күні иесіне: «Раббым, мен оны күндіз ішіп-жеуден тыйдым, менің ол үшін жасаған шапағатымды қабыл ет!»деп араша түсетін ұлы құлшылық. Алла Тағала ұстаған оразаларымызды, жасаған құлшылықтарымызды, берген садақаларымызды қабыл еткей! Қасиетті айдың берекесін баршамызға бұйыртып, жүректерімізге иман, отбасыларымызға бақ-береке, елімізге тыныштық берсін! Тілеген дұға-тілектеріміз қабыл болып, Рамазанаан Рамазанға аман-есен жете беруді нәсіп етсін. Әмин!

КӨГІЛДІР ОТЫН “САБАЛАҚ” ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ



Қызылорда қаласында 80-ге жуық саяжай бар, оның 10-ға жуығында халық тығыз қоныстанған. Осыған байланысты бұл жоспарға өзгерістер енгізіліп, бірқатар саяжайға «Тұрғын үй аумағы» мәртебесі берілді.

Сабалақ саяжайы қала шекарасына енгізіліп, инфрақұрылым жеткізуге мүмкіндік жасалды. Соңғы төрт жылда бұл аумаққа 6 млрд. теңгеден астам қаржы бөлініп, 22 шақырым ауыз су магистралі тартылды. Су мұнарасы орнатылып, электр желісі жүргізілді, 20-ға жуық көшеге орташа жөндеу жасалды.

Сонымен қатар осындағы жеке мектеп құрылтайшысы, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Орда скул-2» жеке мектебін мемлекет меншігіне берді.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен “Сабалақ” елді мекеніне газ қосу рәсімі өтті. Рәсімге Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, емсiхат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы “Сабалақ” тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады. – «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймағымыздың барлық салада қарқынды дамығанын ерекше атап өтті. Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Тарихи миссиясы маңызды жиында Мемлекет басшымыз Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталғанын, алдағы уақытта 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана салынатынын, жана драма театр мен заманауи Президенттік кітапхана құрылысы басталатынын жариялады.«Батыс Еуропка – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы биыл қолға алынатынын айтты. Бұл – Мемлекет басшымыздың Сыр жұртшылығына ыстық ықыласы, тұрғындарымыздың бекем бірлігі мен тату тірлігінің нәтижесі! Халқымызда «Мұраты бірдің қуаты бір» деген сөз бар. Ауылдың дамуы, келешегі Сіздерге, тұрғындардың еңбекқорлығымен ауызбірлігіне байланысты. Сабалаққа қосылған көгілдір отын халықтың тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсер етеді деп сенеміз!», – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар және мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Абдуламбетұлы, Мархабат Жайымбетұлы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйледі. Қызылорда қаласының Құрметті Азаматы Сайлаубай Әбішев батасын берді.

Күні кеше “Сабалаққа” 3,2 млрд. теңгеге газ тартылып, 1694 үйге көгілдір отын қосылуда. Алдағы уақытта басқа да саяжайларға кезең-кезеңімен инфрақұрылым жүргізіледі.

КҮН ТУДЫ ЕСКІ ЖҮРТҚА ЖАҢАРАТЫН

Наурыз – бір күндік мереке емес. Ол – саналы азамат, біртұтас қоғам қалыптастыруға бастайтын жол.

Қоғам бір орында тұрмасы анық. Дамиды, өзгереді, түрленеді. Қоғамның түрлі шығаланынан өтіп, бірде құлдыраса, бірде өрлеген өзгеріс заңдылығы ұлыстың ұлы күні Наурызға да тән. Бұл ұлы мереке дабыралы науқанға, құр кезекті есеп-қисапқа көнбейтінін уақыт өзі дәлелдеп берді. Бұқаралық сипаттан ажырап, сахналық кейіптен, фольклорлық қойылымнан аспай жатқан Наурызға бірлестік атынан «SENBOL NAURYZ» деп жаңа пішім беру бастамасы – осы олқылықтың орнын толтыру, сол арқылы ортамызға рухты оралту болатын.

«Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі - Наурызды жаңа мазмұнда тойлауды екі жыл алдын бастады. Бұл Президенттің мейрамның маңызын арттырып, рухани қуатын заманауи түрде жаңғырту туралы сұхбатына доп түсті. Мемлекет басшысының тапсырмасын іс жүзіне асырудың жолы Наурыз мейрамын азаматтық мерекеге айналдыру екенін түсінген Бірлестік толық жүйеленген маңызды «**SenBolNauryz**»тұжырымдамасын жасады, яғни бұл жерде ешкім көрермен емес, бәрі қатысушы.

Адамның ұлттына, тіліне, сенім-нанымына қарамастан, Наурыздың тәлімдік әрі тәрбиелік мазмұнын ашып көрсетіп беруге лайықталған «Жанару» мен «Әдепті өркенiet» құндылықтарына сай мәдени іс-шараның рухани негізі мен ұйымдастырылу жүйесі нақтыланды. Осы арқылы жаңашыл Наурыз мерекесі жалпыұлттық бірегейлік пен азаматтық ұстанымға негізделді.

31 желтоқсан күнтізбелік Жаңа жыл өз кезегімен тойлана береді, ал Наурыз мейрамы – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ПРЕГІ.

Жаңа жылда Аяз атаның балаларға сыйлық беруі және бұл дәстүрдің берік орнығуы мерекені халыққа барынша жақындатты. Сол секілді Наурызда да, әсіресе жастардың, балалардың есінде қалатындай жаңалықтар, тосынсыйлар сыйлағанымыз жөн. Демек Наурыз-ды жаңаша тойлау арқылы мерекеде атқарылатын салт-дәстүр, таным-ұғымдарды үлгі-өнеге беретін тәлім-тәрбиелік форматқа негіздей алу керек. Адамды бауырмалдылыққа, мейірімділікке, ізгілікке, парасаттылыққа баурайтын ұлттық мәдениетіміз әрі карай да өміршең болуы үшін заманауи талаптарға сай насихаттай білу мәселесі күн тәртібінде тұр. «Сенімен Болашақ» ұсынған тағы бір жол – Наурыздың күнтізбелік Жаңа жылмен байланыстырылуы.

31 желтоқсанда түнгі сағат 00:00-де күнтізбе бойынша келер жыл басталса, Наурыздың 22-сінде **ЖАҢА КҮНДІ** қарсы алу дәстүрін түлетіп отыр. Атқан таңға, келер күнге үмітпен қараған адамзат тіршілік жанаратын Наурызды жақсылыққа ниет етіп бастаса, үлкен де, кіші де риза болары нақ. Жаңа жыл –

Наурызды қарсы алу осы қасиетімен де басым болып тұр.

ТАҢДЫ ҚАРСЫ АЛУ – САНАНЫҢ ОЯНУЫ
Мерекенің **таңды қарсы алумен басталуы** – кездейсоқ таңдалған рәсім емес. Философиялық тұрғыда бұл – адам-ның ішкі жанаруы, қоғамдағы әр азаматтың өз рөлін сезіну сәті. Таң – үміттің, адал ниеттің, жауапты таңдаудың уақыты. Бұл рәсім арқылы қатысушылар «Мен қоғамға не бере аламын?» деген ойға жетелейді. Отпашудың орнын ШАШУ толықтай алмастыра алады. Қуаныштың айғағы



ретінде жасалатын салтанатты дәстүрдің ерекшелігі – әр тәттіде (шашуда) Сенімен Болашақ ұжымының ақ тілектері жазылады.

Таңғы рәсімнен кейін ізгі тілек жазылған тәтті шашу таратылады. Әрбір тілек – бір-біріне деген сенім мен колдаудың көрінісі. Қоғам үшін бұл – ынтымақ пен ортақ жауапкершілікті нығайтатын маңызды символ.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Қазақтың таңғы асы ықшамдалған үлгісін әзірлеу бағдарламадағы негізгі басымдықтың бірі. Таңғы ас күні бойы күш-қуат пен жігер беріп қана қоймай, құнарлылығымен ұзақ уақыт аштықты сезбеуге мүмкіндік береді. Жент, талқан, балқаймақ, кілегей, сүзбе, уыз, ірімшік сынды құнарлы таңғы ас белсенді қимыл-қозғалыстың кепілі ғана емес ағзаның күні бойы алатын калориялық қуатын тиімді пайдалануға жол ашады.

Дастархан – қазақ дүниетанымында тек тамақтану орны емес, пікір алмасу, тәрбие беру, ортақ құндылықтарды бекіту кеңістігі. Ата-аналар үшін бұл – бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті ұғындыратын маңызды сәт.

Қазақы таңғы ас – тек күнді бастауға арналған тағам емес, ол халқымыздың өмірге деген көзқарасын бейнелейтін терең философиялық құбылыс. Таң – жаңа күннің, жаңа үміттің бастауы. Сондықтан қазақ халқы таңды құрметтеп, оны асықпай, таза ниетпен қарсы алған.

Қазақы таңғы астың қарапайым болуы қанағат ұғымымен тығыз байланысты. Бауырсақ, май, құрт, қымыз сияқты тағамдар артық сән-салтанатты емес, табиғилық пен жеткіліктілікті дәріптейді. Бұл – «азаға қанағат, көпке шүкір» деген өмірлік ұстанымның көрінісі.

Таңғы ас арқылы адам мен табиғат арасындағы үйлесім айқын сезіледі. Барлық тағам табиғи жолмен, маусымға сай дайындалып, көшпелі өмір салтына бейімделген. Қазақ дүниетанымында адам табиғаттан үстем емес, оның бір бөлшегі. Дүниенің дидарына сай әрбір тәжірибемен бұл тұжырымдаманың толығып отыруы да заңдылық.

Наурыз көктемнің келуімен, табиғаттың жаңаруымен көрініс береді. Көктем– жылы жаққа қайта оралған құстармен де сәнді. Қазақ үшін қарлығаштың өзіндік тарихи орны бар. Ол –берекенің, шаңырақтың, ошақ пен отбасының символы іспеттес. Бесіктегі бөбекті айлакер масадан, аждаһа айдаһардың айбарынан аман алып қалған қарлығаштың ерлігі – киелі ұғымға айналды. Бірлестіктің биылғы дастарқанының басты асы– «Қарлығаш» тәтті тоқашы болмақ.

Сонымен қатар таңғы ас – отбасы бірлігінің белгісі. Бір дастархан басында жиналу үлкенге құрмет пен ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырады. Осылайша қазақы таңғы ас рухани



құндылықтарды күнделікті өмірмен байланыстырады. Қорыта айтқанда, қазақы таңғы ас – еңбекті, қанағатты, табиғатпен үйлесімді және берекелі өмірді дәріптейтін ұлттық философияның айқын көрінісі.

Бірлестік миссиясының бірі саналы ата-ана мәдениетін қалыптастыру болған-дыктан үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсеткен дала философиясы «SenBol Nauryz»тұжырымдамасында берік орын алған. «**Анаға тағзым**» бөлімі арқылы үлкенге сәлем беріліп, ақсақал мен анадан **бата** алу дәстүрі орындалады. Бұл – отбасы тәрбиесінің, әкен мененаның қоғамдағы рөлін айқындайтын терең мағыналы рәсім. Ұрпақ сабақтастығы, құрмет пен ізет осы сәтте нақты іс арқылы көрініс табады.

АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ТАБИҒАТҚА ҚҰРМЕТ

TREE OF LIFE. Көктеммен бірге келіп, көңілді көріктендіретін мейрамды жаңаша мерекелеудің жобасына бірлесіп ағаш отырғызу да енгізілді. Бұл сабақтастықтың, жаңа өмірдің, табиғатпен етене жақындықтың және жаһандық экологиялық қозғалысқа қосқан үлестің үлгісі. Одан бөлек астың сызып айтар дүние – Жаңа жылда шыршаларды кесіп, табиғатқа залал келтірсе, Наурызда керісінше, «бір тал кессең, он тал ек» қағидасын берік ұстанып, елімізді көгалдандыруға үлес қосады. Ағаш отырғызыңыз – өмір сыйлаңыз. «Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі үшін азаматтық жауапкершілік – тек сөзбен емес, нақты әрекетпен көрінетін ұстаным. Осы тұрғыда **ағаш отырғызу шарасы** ерекше мәнге ие. Табиғатқа жасалған әрбір қамқорлық – болашақ ұрпақ алдындағы борыш. Бұл іс-шара ата-аналар мен балаларға экологиялық мәдениетті, ортақ кеңістікке жауапкершілікпен қарауды үйретеді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, ағаш отырғызу – уақытпен келісім жасау. Бүгінгі еңбек – ертеңгі игілікке айналады. Бұл – азаматтық сананың ең қарапайым әрі ең терең көрінісі.

ЕҢБЕК ШЕБЕРХАНАСЫ – ТӘРБИЕНІҢ ТІРІ АЛАҢЫ

Мереке аясындағы еңбек шеберханасы көлөнер арқылы тәрбиелеудің тиімді құралына айналады. Мұнда тек бұйым жасалмайды, мұнда еңбекке құрмет, сабыр, ұқыптылық сияқты қасиеттер қалыптасады. Ата-ана мен бала бірлесе әрекет етіп, тәрбиенің сөзбен емес, іспен берілетінін сезінеді.

Еңбек шеберханасы – адам өмірінің негізі. Еңбек – адамды материалдық да, моральдық та дамыту құралы. Қазіргі альфа ұрпаққа еңбек құндылығын дәріптеуде наурыз мейрамы таптырмас құрал. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы бекер емес. Жоғары бағалануы тиіс еңбек адамының кәдір-қасиетін арттыру арқылы жастарды тәрбиелеу ұстанымы жатыр.

БІР ҚАЗАН – БІР ҚОҒАМ

Наурыз көжені бірге дайындау және бірге дәм тату – бірлік пен теңдіктің айқын белгісі. Әр түрлі дәмнен құралған көже секілді, қоғам да әртүрлі көзқарастар мен тәжірибелерден тұрады. Алайда ортақ мақсат пен жауапкершілік бәрін бір арнаға тоғыстырады. Бұл – азаматтық қоғам үшін аса маңызды ой. Ұлыстың ұлы күні дайындалатын ас – наурыз көженің адам ағзасына берер қуаты мен нәрі бөлек. Құрамына жеті түрлі дәм қосылып даярланатын көжені қазан толып, ақ мол болсын деген ниетпен бірлестік қызметкерлері бірлесе даярлайды.

ТӨРТ ТҮС – БІР МЕРЕКЕНІҢ РУХАНИ КОДЫ

Наурыз мейрамының жаңа форматтағы тұжырымдамасында мерекенің идеялық өзегін айқындайтын **төрт символикалық түс** таңдалды: **ақ, көк, жасыл және**

қызыл. Бұл түстер тек эстетикалық шешім емес, олар – адамның ішкі әлемін, қоғам-ның рухани бағытын және азаматтық ұста-нымын бейнелейтін философиялық жүйе.

Ақ түс – тазалық пен сәуленің, жарықтың нышаны. Ол рухани ағаруды, ниеттің тазалығын, әділ ой мен адал әрекетті білдіреді. Ақ түс – жаңа бастаманың белгісі, өмірді «ақ парақтан» бастауға деген дайындық. Бұл – ұрпақ санасына таза құндылықтарды сіңіру, ал қоғам үшін – ашықтық пен сенімге негізделген қарым-қатынас орнату.

Көк түс – аспан мен судың, тыныштық пен тереңдіктің түсі. Ол мемлекеттік тумен үндесе отырып, тектілікті, елдік сананы, бейбітшілік пен рух еркіндігін білдіреді. Көк – кеңістікті ойлау, жауапты шешім қабылдау, азаматтық ұстанымды айқындау түсі. Бұл түс әрбір ата-ананы өз отбасымен қатар, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге жетелейді.

Жасыл түс – даму мен балғындықтың, жаңару мен үміттің символы. Ол табиғат-тың оянуын ғана емес, адамның санасының жаңғыруын білдіреді. Жасыл – жамаң әдеттен арылу, дұрыс таңдау жасау, экологиялық және рухани тазалыққа ұмтылу. Ағаш отырғызу бастамасы осы түстің мағынасын нақты әрекетпен бекітеді. Бұл – болашақ ұрпаққа жасалған жауапты қадам.

Қызыл түс – энергия мен ішкі оттың, өмірлік күш пен табандылықтың белгісі. Ол сенімнің беріктігін, әрекет-ке дайындықты, қорқыныштан емес, жауапкершіліктен туындайтын бағылдык-ты білдіреді. Қызыл – аға буынның келешек үшін күресі, қоғамдағы белсенді азаматтың үнсіз қалмау ұстанымы. Бұл – өзгеріс жасауға итермелейтін қуат.

Философиялық тұтастық. Төрт түстің бір мерекеде тоғысуы – адам болмысының толықтығын көрсетеді: **ақ – ниет, көк – сана, жасыл – даму, қызыл – әрекет.** Осы төрттаған арқылы Наурыз мейрамы тек дәстүрлік шара емес, азаматтық жауапкершілікке бастайтын өмірлік бағдар ретінде ұсынылады.

Қоғамдық бірлестік үшін бұл түстер – ұрпақ тәрбиесіндегі ортақ философия, ал мереке – сол философияны бірге сезініп, бірге іске асыратын кеңістік.

Наурызды жаңаша және заман талабына сәйкес өткізу, яғни бұл мерекені шоу деңгейінде емес, өз болмысында атап өтіп, қоғамдық үрдіске айналдыру.

Сонғы жылдары бірқалыпты сарынға түсіп бара жатқан Наурызды тойлаудың жаңаша форматына өзіндік үлесін қоса білген Бірлестік жоғарыда аталған мағыналы бағдарламасы арқылы Наурызды ортақ мерекеге айналдыруды көздейді. Десек те адамдық-адамгершілік құндылықтар заманға емес, адамға тән, соны өз тұғырында ұстай білу әрқай-сымызға байланысты. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, бірлесе тірлік етсек, біз алмайтын қамал болмайды. «Сенімен Болашақтың» азаматтық ұстанымы ретінде басталған бұл үрдіс қоғамда қолдау тауып, белен алса, қоғамның ұтары мол.Бірлестік Құрылтайшысы, идея Авторы Нұркен Асанов: «Есті елге іс қылар, Ессіз елді құс қылар», - демекші, елге іс қылатын азаматтардың қатарынан болайық.

«Сенімен Болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі

СУ АЙДЫНДАРЫНДАҒЫ МҰЗ ЕРУДЕ!

Тұрғындарға қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды. Қала аумағындағы өзендер, каналдар және басқа да су айдындарында күннің жылынуына байланысты мұз қабаты еріп, беріктігін жоғалтуда. Осыған орай тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға және сақтық ережелеріне салғырт қарамауға шақырамыз. Көктем мезгілінде мұздың жұқарып, опырылу қаупі айтарлықтай жоғарылайды. Әсіресе балалардың қарасыз қалуы, мұз үстінде ойнауы немесе су айдындарына жақындауы қайғылы жағдайларға алып келеді. Сонымен қатар балық аулау мақсатында немесе қысқа жол ретінде мұз үстiмен жүру адам өміріне үлкен қауіп төндiреді.

Мамандардың айтуынша, көзге қатты әрі қалың болып көрінген мұздың өзі кез-келген сәтте сынып кетуі ықтимал. Ағынды су айдындарында, көпірлер мен су өткізгіш құбырлардың маңында, сондай-ақ жағалауға жақын жерлерде мұз әлдеқайда әлсіз болады. Осыған байланысты тұрғындарға мұз үстіне шықпау, балаларды су айдындарынан алыс ұстау, балық аулауды уақытша тоқтату және ескерту белгілері орнатылған қауіпті аймақтарға жақындамау ұсынылады. Су айдындары маңында жүрген кезде абай болып, өзгелерді де қауіптен сақтандыру маңызды.Алдын алу шаралары аясында жауапты қызметтердің қатысуымен профилактикалық рейдтер ұйымдастырылып, тұрғындарға қауіпсіздік ережелері түсіндірілуде, ақпараттық жадынамалар мен ескерту парақшалары таратылуда.

Төтенше жағдайдың алдын алу — әр азаматтың ортақ міндеті. Өз өмірінің бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі үшін сақтық шараларын сақтап, көктем мезгілінде мұз үстіне шықпауға және қауіпті жағдайларға жол бермеуге шақырамыз.

ЕСЕНГЕЛДНБЕВ Е. Т.
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері , азаматтық қорғау лейтенанты

ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ – БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

Дала өрттері көбіне адам салғырттығынан туындайды. Сөндірілмеген темекі тұқылы, толық өшірілмеген от немесе құрғақ шөпті өртеу үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Табиғи өрттердің басым бөлігі адам факторымен байланысты.

Дала өрті неден тұтадыаы:

- сөндірілмеген темекі тұқылы;
- демалыс кезінде жағылған отты толық өшірмеу;
- шөпті қасақана өртеу;
- ауылшаруашылығы алқаптарындағы бақылаусыз қалдық өртеу;
- электр желілеріндегі ақаулар.

Өрттің алдын алу үшін табиғатта от жаққанда қауіпсіздік ережелерін сақтау, шокты толық сөндіру және өрт байқалған жағдайда дереу «101» немесе «112» нөміріне хабарлау қажет. Табиғатты қорғау – әр азаматтың жауапкершілігі.

Алдын алу шаралары:

- Табиғат аясында от жаққанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау;
- Шоқ пен күлді толық сөндірмейінше, орнын тастап кетпеу;
- Құрғақ шөпті өз бетінше өртеуден бас тарту;
- Өрт қауіп жоғары маусымда орман мен далаға баруды шектеу;
- Өртті байқасаңыз, дереу «101» немесе «112» нөміріне хабарлау.

А.МУСА
Қызылорда облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Мейрамхана, дәмхана және асханаларда өрт қауіп жоғары, себебі ас үйде газ, электр құралдары және ашық от пайдаланылады. Өрттің негізгі себептері – газдың шығуы, электр сымдарының ақауы және майдың шамадан тыс қызуы.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өрт оқиғаларының бір бөлігі тұрмыстық және өндірістік нысандардағы қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан болады. Әсіресе ас үй аймағында майдың қызып кетуі, газдың шығуы, немесе электр сымда-

рының тозуы қауіпті жағдай туындатады.

Өрттің алдын алу үшін:
Газ және электр жабдықтарын уақытылы тексеру; өрт сөндіргіш құралдарды дайын күйде ұстау; қызметкерлерге қауіпсіздік ережелерін үйрету; шығу жолдарын бос қалдыру қажет.

Н. ЕРІМБЕТОВ
Қызылорда облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы зерттеу өрг-сынақ зертханасының аға инженері азаматтық қорғау капитаны

SENIM ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақ-стан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдіптілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қараша-дағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызыл-орда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефон» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения госу-дарственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государ-ственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызыл-орды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агентігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН			Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ҚҰРАМА ЖЕМ ЗАУЫТЫН САЛАДЫ МА?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мажарстан елшісі Отто Иван Ронамен кездесті. Кездесуде аймаққа инвестиция тарту мәселесі талқыланды.

- «Біздің халықтарымызды тек ресми құжаттар ғана емес, тамыры терең, тарихы ортақ рухани байланыстар біріктіреді. Қазақ пен мажар – түбі бір түркі жұртының ұрпақтары. Тіліміз бен мәдениетіміздегі сабақтастық осы сөзіме айқын дәлел бола алады. Екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі әріптестіктің нәтижесінде Мемлекет басшыларының сапарлары дәстүрге айналды. Соның бір айғағы ретінде Мажарстан Президенті Тамаш Шуйок мырзаның 2025 жылғы қазан айында Қазақстанға жасаған ресми сапарын ерекше атап өтуге болады. Инвестициялық ынтымақтастық бағытында да маңызды қадамдар жасалуда.

Өткен жылдың қараша айында «UBM Group» компаниясы мен еліміздің Сыртқы істер министрлігі және «Kazakh Invest» өкілдері арасында мазмұнды кездесу өтті. Жиын барысында «UBM Group» компаниясы Қазақстандағы премикс және құрама жем зауыттарын салу барысын таныстырды. Компания жобаның екінші кезеңі аясында тағы 2 құрама жем зауытын салуға ниетті екенін растады.

Бүгінде қалған екі зауыттың салынатын орны талқыланып жатқандықтан, жаңа өндіріс алаңы үшін ең тиімді аймақ ретінде Қызылорда облысын қарастыруды ұсынамын. Біріншіден, ауыл шаруашылығы — аймақ экономикасының басты бағыты.

Қазақстандық күршітін 90 пайызынан астамы облысымызда өндіріліп, алыс және жакын шетелдерге экспортталады. Сонымен қатар аймақта сүт өндірісі, мал және құс шаруашылығы қарқынды дамуда. Бұл өз кезегінде құрама жемге деген сұраныстың артуына тікелей әсер етуде»,- деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда елші Байқоңыр ғарыш кешеніне жасаған сапары ерекше әсер қалдырғанын атап өтіп, алдағы уақытта инвестициялық ынтымақтастық бағытында нақты әрі маңызды қадам жасауға ниет білдірді.

МУСИН ОРТАҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУҒА НИЕТТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақтелеком» АҚ-ы Басқарма төрағасы Бағдат Мусинмен кездесті. Кездесуде жоғары сапалы цифрлық қызметтерді ұсыну, инфрақұрылымды дамыту, бизнесті трансформациялау арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелері талқыланды.

Қазіргі таңда өңірдегі 21 медициналық ұйымда «Жасанды интеллект арқылы онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған радиологиялық зерттеулерді орталықтандыру технологиясын енгізу» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл мақсатқа бюджеттен 3 млрд. 175 млн. теңге бөлінген.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында барлық ауданда талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы 539 бейнебақылау камерасы мен 49 жылдамдық өлшегіш құрылғы орнатылып, жедел басқару орталықтары жаңғыртылды. Осындай жұмыстар Байқоңыр қаласында және Ақай, Төре-там елді мекендерінде де жүргізілді.

Қызылорда қаласында 1400 бейнебақылау камерасы, 80 «зияткерлік

қылыс» және 96 стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғы орнатылды. Облыстық жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылып, жасанды интеллект функциясы бар бейнеаналитикалық жүйе енгізілді.



Аталған жүйеге Ішкі істер министрлігі, облыс әкімдігі, облыстық ұлттық қауіпсіздік және полиция департаменттері қосылған. Жобаларды іске асыруға облыстық бюджеттен 7 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Қазіргі таңда «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп, қолданыстағы бейнебақылау камераларын Ұлттық бейнебақылау жүйесіне қосу жоспарлануда.

Кездесуде Бағдат Мусин ортақ бастамаларды жүзеге асыруды жалғастыруға ниетті екенін айтты.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен жоғары сапалы цифрлық қызметтерді ұсыну, инфрақұрылымды дамыту, бизнесті

трансформациялау арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесі талқыланған жиын өтті. Оған «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Мусин, жетекші сала басшылары қатысты.

Жиында облыс әкімдігі мен «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аймақ басшысы бірлесіп атқарылатын жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларды бөлісті.

— «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Жасанды интеллектті дамыту, бұл — ұран емес, бұл экономикалық идеологияның негізгі тірегі, тіпті ұлттық идеологиямыздың мызғымас тұғыры болуға тиіс» деп атап өтті. Жасанды интеллект негізінде цифрландырудың басты міндеттерін орындауды тапсырды. Олар — еңбек өнімділігін арттыру, экономиканың экспортқа бағдарланған секторларын қалыптастыру, қосылған құны жоғары өнім шығару, Қазақстанды жаһандық цифрлық экономика қатарына енгізу.

Осымақсатта 2023 жылдан бері Қорқыт Ата университетінің базасында Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) бірлесіп Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты ашылды. Бүгінде институтта 240 студент білім алуда, оның 200-і бірлескен білім беру, 40-ы қос дипломды бағдарламаларда оқиды.

Өңірдегі 21 медициналық ұйымға жасанды интеллект арқылы онкологиялық ауруларды ерте анықтауға радиологиялық зерттеудің орталықтандыру технологиясы енгізілуде. Бұл мақсатқа бюджеттен 3 млрд. 175 млн. теңге бөлінген», — деді Н.Нәлібаев.

Бүгінде облыстағы 223 елді мекеннің 140-ы талшықты-оптикалық байланыс желісімен қамтылған, 5G технологиясының 148 нүктесі іске қосылған.



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынатын кітапхана мен мәдениет нысандарының құрылыс алаңында болып, Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен заманауи, көпфункционалды кітапхана құрылысына инвестор есебінен 20 млрд. теңге қаралған. Жоба кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырмандарға қолжетімділікті арттыруға және өңірдің ақпараттық-мәдени әлеуетін күшейтуге бағытталған. Ғимараттың жалпы аумағы 13 000 шаршы метр, кітап қоры 1 миллионнан асады. Жыл сайын 250–300 мың оқырманға қызмет көрсету көзделген.

Кітапханада ашық форматтағы оқу залдары, заманауи каталог жүйесі, 50 адамға арналған цифрлық ресурстармен жұмыс істеу бөлмесі ашылды. Сонымен қатар медиа-лаборатория мен подкаст студиясы жұмыс істейді.

Өңірде бой көтеретін жаңа театр мәдениет саласының дамуына тың серпін береді.

Жаңа ғимарат кең әрі заманауи талаптарға сай жабдықталады. Бұл әртістердің дайындығына, күрделі декорациялар мен тың режиссерлік шешімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заманауи дыбыс және жарық жүйелері қойылымдардың мазмұнын мен көркемдік деңгейін арттыра түседі.

НӘЛІБАЕВ АПТА САЙЫН БАҚЫЛАЙДЫ

Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарын Alem Qurlys AQ серіктестігі жүргізуде. Бастапқы жобаға түзетулер енгізіліп, 300 орындық балалар лагері мен қысқы бақ қосылды. Жаңғырту аясында аллеялар, субұрқақтар, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout және демалыс аймақтары салынады. Сондай-ақ фудкорт, теннис үстелдері, аттракциондар, велосипед және жүгіру жолақтары қарастырылған. Бұдан бөлек сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдары бой көтереді.

Ботаникалық бақ аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы 2,41 гектар аумақ көгалдандырылып, Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскар елдерінде өсетін өсімдіктер отырғызылады.

Балалар лагерінің құрылысына 6,02 гектар жер бөлінген. Мұнда әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған алаң, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна және өзге де демалыс және техникалық нысандар салу жоспарланған.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылжарма» каналын науамен жабдықтау және жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Алдымен жабдықтау жобасын көрді. Қолданыстағы «Қызылжарма» каналы 1957 жылы салынған. Ұзындығы — 13 800 метр, ені — 11 метр, техникалық жағдайы айтарлықтай тозған. Су ресурстарын тиімді пайдалану және үнемдеу үшін

каналды қайта жаңғыртып, заманауи талаптарға сай науамен жабдықтау қажеттілігі туындады.

Осы бағытта жоба әзірленіп, ол іске асқанда «КБИ», «Коммунизм», «Шанхай», «Гагарин» шағын аудандары мен «Қызылжарма» ауылдық округінде тұратын шамамен 48 мыңға жуық тұрғын сапалы аяқ сумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар мал шаруашылығын дамытуға, бау-бақша және жеміс-жидек егуге, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға оң әсерін тигізеді.

Суару маусымында каналдан шамамен 9,3 млн. текше метр су жіберіледі. Науа қойылған соң су шығыны шамамен 50 пайызға қысқарады.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын «Бақ-Береке 2030» серіктестігі бастады. Келісімшартқа сәйкес жобаны іске асыру мерзімі — 14 ай.

Жоба бойынша 9 488 метр науа орнатылып, 34,3 гектар аумақ тазаланып, монолитті темірбетон конструкциялары тұрғызылады. Сонымен қатар 10 тіреу-бөгеттеу құрылысы, 2 құбырлы өткел, жаяу жүргіншілер көпірлері, диаметрі 200 мм-лік 87 су шығару құрылғысы орнатылады. Оған қоса 56 400 шаршы метр кеспетас төселіп, 126 орындық пен қоқыс жәшігін қою жоспарланған.

Өрі қарай аймақ басшысы «Сағымбаев көшесін Торайғыров көшесінен «Қызылорда — Құмкөл» автожолына дейін қайта жаңғырту» жобасын жүзеге асыру барысын көрді. Мұнда 2,1 шақырымдық төрт жолақты жаңа автомобиль жолы салынауда.

Мердігер мекеме «Қыран», техникалық қадағалаушы «СК Энерго Ойл», авторлық қадағалаушы «Проишет» серіктестіктері. Жобаның келісімшарт құны 1 673 132,0 мың теңге, ол бойынша жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарық шамдары орнатылады. Бұл жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖЕТКІЛІКТІ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, басқармалар мен аумақтық департамент басшылары, онлайн байланыс арқылы

Қызылорда қаласы мен барлық ауданның активтері, Қорқыт Ата университетінің ғылыми кеңес мүшелері мен профессор-оқытушылары қатысты.

Жиында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры лауазымына тағайындалған Наурызбай Байқадамов таныстырылды.

Н.БАЙҚАДАМОВ – “ҚОРҚЫТ” УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ

Наурызбай Байқадамов 1991 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих және француз тілі» мамандығын тәмамдаған. Еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастап, 1994 жылы өзі білім алған оқу орнына оқытушы ретінде қайта оралды. Университетте түрлі басшылық қызметтерді, атап айтқанда, 2008-2013 жылдары төрбие жұмыстары жөніндегі проректор қызметін атқарды. Жоғары оқу орнында 20 жылға жуық еңбек етіп, университеттің көпсалары аймақтық білім ордасы ретінде қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты.



Наурызбай Сейтқалиұлы — тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі қоғамтанушы, 150-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, бірнеше кітаптың авторы.

2013 жылы мемлекеттік қызметке шақырылып, облыстық білім басқармасының басшысы, облыс әкімінің орынбасары, облыстық мәслихат хатшысы және төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына сүбелі үлес қосты.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары, «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы ретінде қоғамдық-саяси салада да нәтижелі еңбек етті.

2024 жылғы сәуірден 2026 жылғы 11 ақпанға дейін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі болды. Заң шығару қызметіне белсенді қатысып, өңірдің өзекті мәселелерін көтеріп, республикалық бюджеттен қажетті қаржы бөлінуіне ықпал етті.

— «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан — академиялық білім аймағы» стратегиялық серіктестер форумында «Қазір адамзат түбегейлі өзгерістер дәуіріне қадам басқан кезде білім ордалары заман талабына сай озық болуға тиіс. Онсыз ешқандай даму да, өркендеу де болмайтыны анық», — деп атап өтті.

Осыған байланысты 2 ақпандағы Үкімет отырысында еліміздегі ғылым мен жоғары білім мәселесі қаралды. Үкімет басшысы облыс әкімдеріне өңірлік ғылыми-технологиялық кеңестерге жеке басшылық жасап, жұмысын ұйымдастыруды тапсырды.

Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп, өңірлік мамандану және форсайттық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, ғылыми-техникалық тапсырмаларды бекіту қажеттігін атап өтті. Аталған міндеттерді үйлестіруге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті белсенді атсалысуы тиіс деп санаймын. Себебі, осы жұмыстарды ұйымдастыруда университеттің әлеуеті жеткілікті.

Оқу орнының ғалымдары мен түлектері аймағымыздағы ғылыми-инновациялық дамуды басқаруда айрықша рөл атқаруы қажет. Бұл ретте, өкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін мәлімдеймін. Баршаңызды осы іске жоғары жауапкершілікпен белсенді атсалысуға шақырамын!», — деді аймақ басшысы.

Басқосуда Мұрат Ерғешбаев, Гүлзат Көбенова, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бакберген Досманбетов, Мұрат Бактиярұлы, ғылыми кеңес мүшелері Серікбай Қошқаров, Ұлжан Жанбершиева сөз сөйледі.

«ІСКЕР АЙМАҚ» — МИКРО ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕС ҮШІН

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ-ның басқарма төрағасы Фархат Сарсекеевпен кездесті. Кездесуде мемлекеттік қолдау шаралары арқылы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселесі талқыланды.

— «Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес микро және шағын бизнес үшін «Іскер аймақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында қолдау көрсетілетін экономиканың басым секторларына қоса, әкімдік өз тарапынан өңір үшін негізгі салалардың тізбесін әзірлеп, Ұлттық экономика министрлігіне ұсынды.

Аймағымызда өңірлік бағдарламаның жүзеге асырылуы жолға қойылған. Әсіресе ауылдық жерлердегі микро және шағын бизнесті қолдау бағытында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы тиімді жұмыс жасауда.

Биыл жеке кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға бюджеттен 13 млрд. 300 млн. теңге қарастырылды. Оның ішінде банк несиелерін субсидиялау мен кепілдендіруге жергілікті бюджеттен 2 млрд. 300 млн. теңге бөлінді.

Соңғы он жылдан астам уақытта бұл орталық бизнестің 2 900-ға жуық жобасын 16 млрд. 481 млн теңгеге қаржыландырды, 3 мыңнан аса жұмыс орны құрылды.

Орталыққа бюджет қаржысымен қатар, «Даму» қоры «Аграрлық несиелік корпорациясы» арқылы 6 млрд. 300 млн. теңге қаржы тартылды. Осы оң тәжірибені одан әрі жалғастырып, бағдарламаны «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жүзеге асыруды жалғастырамыз», — деді Н.Нәлібаев.

Аймақта кәсіпкерліктің даму қарқыны жоғары. Қазіргі таңда оның экономикадағы үлесі 20,5 пайыз, кәсіпкерліктің тұрақты дамуына мемлекеттік қолдаудың жүйелі шаралары оң ықпал етті. Былтыр жеке кәсіпкерліктің 2 929 жобасына 61 млрд. 100 млн. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Оның ішінде жалпы несие портфелі 16 млрд. 100 млн. теңге болатын 210 жобаға субсидия беріліп, 214 жобаға кепілдік ұсынылды. Сонымен қатар, қаржы институттары арқылы өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған «Өрлеу» бағдарламасы аясында 51 жоба 10 млрд. 428 млн. теңгеге қаржыландырылды.

Аталған қолдау шаралары өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырып, жаңа жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді.

Ауызашар

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ҚАЛАЙ ОРАЗА ҰСТАЙДЫ?

«Әр елдің салты басқа» демекші, Рамазан күлді мұсылманға ортақ мереке болғанымен, оны өткізу дәстүрі әр елде әрқалай қалыптасқан. Мәселен, қазақ даласында Рамазан келді деп жар салып, «Жарапазан» айтылса, Мысыр мемлекетінде адамдарды сәресіне ұрмалы-соқпалы аспаптармен ояту, ал Сауд Арабиясында Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) заманындағыдай сәресіге және таң намазына бөлек-бөлек азан айту дәстүріне айналған.

БАӘ-ДЕГІ «ХАҚ ӘЛ-ЛӘЙЛӘ» ДӘСТҮРІ

Көпшілік Біріккен Араб Әмірліктеріндегі бұл дәстүрді батыс елдерінің Хэллоуиніне теңестіріп жатады. Бірақ «Хақәл-Ләйләнің» мақсаты – ел арасында, әсіресе балаларға Рамазанның маңызын түсіндіру. Бір ерекшелігі «Хақәл-Ләйлә» Рамазанға екі аптадай қалғанда, яғни Шағбан айының 15-і күнінен басталса, балалар әдемі киініп, әндетіп, думандатып, көшеден тәттілер жинай жүріп, кездескен адамдарына «Алла бізге және сізге разы болып, Меккеге баруыңызды нәсіп етсін!» деп дұға етеді.

БАӘ-дегі тағы бір ерекше дәстүрдің бірі – күнделікті сәресі мен ауызашар уақытындағы «зеңбіректен оқ ату». Х ғасыр-да Мысыр жерінде пайда болған бұл дәстүр БАӘ-нің бірнеше қаласында әлі күнге жалғасып келеді. Әрине, Рамазан басталғанда зеңбірек дауысынан балалар қорықпас үшін қаладан 10 шақырым қашықтықта 170 децибел мөлшерінде бір-ден екі рет оқ атылады, ал күнделікті сәресі біткенде және ауызашарда бір-ақ рет атылады. Осылайша, бұл елде әр Рамазан сайын 200-ге жуық зеңбірек оғы көкке ұшады. Айтпақшы бұл дәстүр басқа да араб елдерінде сақталған. Мысалы, Ливанда тек ауызашарда ғана отты зеңбірек атуды «мид-фаэл-ифтар» деп атайды. Ол жақтың мұсылмандары үшін зеңбірекпен білдірсе де, ауызашар уақытын хабарлау игі іс саналады.

Сондай-ақ Рамазан айының күндізгі уақытында көшеде, қоғамдық орындарда тамақ ішіп-жеу, темекі шегу, сағыз шайнауға қатаң тыйым салынған. БАӘ қылмыстық кодексінің 313-бабына сәйкес, бұл тәртіпке бағынбағандар бір ай бас бостандығынан айырылады немесе 2000 дирхам (545 АҚШ доллары) айыппұл төлейді. Бұрын ораза кезінде ешбір дәмхана жұмыс істемесе, соңғы жылдары Дубай қаласында ауыз бекітпеген жандар үшін белгілі бір шектеулер мен кафелер жұмыс істей бастады.

КУВЕЙТТЕГІ «КАРКИАН»

Кувейт мемлекетінде «Каркиан» деген дәстүр қалыптасқан. Сыртқы көрінісі жоғарыда айтқан «Хақәл-Ләйләға» ұқсағанымен, «Каркиан» Рамазан айына дейін емес, осы айдың үш күнінде жүзеге асады. Балалар дәстүрлі киімдерін киіп, Рамазанға қатысты әндер орындайды. Сондай-ақ, балақайлар салған әндердің сөздері көшедегі көріністер, кездескен адамдарға қарай өзгеріп отырады. Ерекше көңіл-күйде думандатып жүрген балалар Рамазан жайлы біле бастаса, әндетіп жүрген оларға ораза ұстаушылар сыйлық беріп қуантады.

ИНДОНЕЗИЯДА «ПАДУСАН» ҚАБЫЛДАЙДЫ

«Падусан», яғни толықтай жуыну үшін душ қабылдау – Индонезия мұсылмандарының Рамазанға дайындығы. Ең көп мұсылман халқы саналатын ел тұрғындары жергілікті табиғи бассейн, өзен-көлдерге түсіп, адам оразаға тәнін де, жанын да тазалап кіруі тиіс деген сенімде. Алявалық мұсылмандар падусан орындайтын табиғи бассейндер Индонезия жерінде өте көп.

ФАНУС ПЕН МЕСАХАРАТИ

Көбіне Ислам дініне қатысты суреттердің символына айналып кеткен фанус шамдары Мысыр жерінде Рамазан келгенде ерекше жарқырай түседі. Ерекше дизайнмен жасалған металл мен шыны араласқан Рамазан шамдары Мысыр елінің қала көшелерінде, жеке үйлерге ерекше әр беретіні даусыз. Фанус шамдары әсіресе қаранғы жерлерде ерекше жарқырап, көшенің көркін келтіріп тұрады. Ал сол көшелермен жаяу жүріп, дауылпазды жей-жай қағып мысырлық мұсылмандарды сәресіге оятатын арнайы адамдар бар. Оларды «месахарати» деп атайды. Бауырын сәресіне ояту ізгі амал саналғандықтан, мұсылмандар көп шоғырланған мемлекеттерде месахарати қызметі күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Бұл – қазақтың жарапазанына келетін араб елдерінің, Мысыр мен Иорданияның игі дәстүрі.

ТҮРІК ДАУЫЛПАЗШЫЛАРЫ

Месахаратилер аспапты жәй ұрса, түрік ағайындар мұсылмандарды сәресіне ояту үшін дауылпазды қатты ұрғайлады.

«Тұр-тұрдан хабар келсе, ұйқыдан маза кетер» демекші, Түркия көшелеріндегі «Дауылдың» (Давул) дыбысына оянабау мүмкін емес. Өйтсе де, Рамазан айында тәтті ұйқысын бұзған дауылпазшыларға ешкім ренжи қоймайды. Керісінше қолы жомарт тұрғындар сәресіге оятқан дауылпазшыларға құрмет көрсетіп, сый жасайды. Тіпті, оларды күнделікті сәресіне ояту үшін арнайы үйіне шақыратындар да кездеседі екен.

НАФАР – МАРОККО ЖАРАПАЗАНЫ

Қатты ұйқыда жатқан марокколықтарды Рамазан кезінде Нафардың құлаққа жағымды әдемі әуені сәресіне оятады. Нафарлар мұсылмандарды сәресіне оятуды өздеріне міндет етіп алған, яғни оған қызметі секілді қарайды. Өздерінің дәстүрлі гандорасын, бас киімі мен қарапайым сүйретпесін киіп, қала көшелерімен әндетіп өтеді. Бұл қызметке өте ұқыпты, шыншыл ер-азаматтар тартылады. Ал Рамазанның соңғы сәресіне оятқан кезде Марокконың осы дәстүрін жалғастырғаны үшін олар арнайы марапатталып, сый-сияпатқа бөленеді.

ҮШ ЕЛГЕ ОРТАҚ – ЧААНД РААТ

Бангладеш, Үндістан мен Пәкістанға ортақ дәстүр «Чаанд Раат» деп аталады. Оңтүстік Азияның әйелдері қолға қынамен сурет салудан алдына жан салмайды. Олар Рамазанның соңғы күндерін «Чаанд Раат» деп атап, осы күндері әйелдер қолының білезік тұсына ою-өрнекті суреттер салады. Чаанд Раат «Айдың түні» деген мағынаны береді. Тек сурет салып қана қоймай, бұл мерекені отбасы, дос-жаран, көрші-көлеммен бірге атап өтеді. Дастарқан жайылып, түрлі тәттіден дәм ауыз тиеді. Бұл – Бангладеш, Үндістан мен Пәкістанда аталып өтетін Ораза айт алдындағы ауызашар мерекесі десек қателеспейміз.

Байқасаныз, барлық мұсылман мемлекетінің игі дәстүрі ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетімен сабақтасып жатыр. Бәріде де жан тазалығы, бір-біріне мейірімді болу, жалғыз емес, жамағатпен жүру, бірлік-татулықта өмір сүру – басты қағида. Берекесі тасыған Рамазан айы барша әлемнің мұсылмандары үшін құтты болсын!

Дайындаған
Ермұрат ШОПАН,
журналист.

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аудандардағы теміржол вокзалдарының құрылысы және жалпы құрылыс мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға сала басшылары қатысып, бірқатар нақты тапсырмалар жүктелді.

Аймақ басшысы жоба-сметалық құжаттардың оң қорытындысын белгіленген мерзімінен бұрын алу үшін нақты әрі жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырды. Құрылыс тұрақты бақылауда екенін атап өткен өңір басшысы мердігер мекемелерге сапаны басты назарда ұстауды ескертті. Сонымен қатар аудан әкімдеріне құрылыс барысын күнделікті бақылау, жоспардағы жұмысты уақытылы әрі талапқа сай етіп орындау міндеттелді.

– «Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсету деңгейі де жоғары болуы тиіс. Келушілерге жағымды әсер қалдыру үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырыңыздар. Қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, вокзал маңын абаттандыруды, көгалдандыруды және санитарлық тазалығын күнделікті қамтамасыз етіңіздер», – деді Нұрлыбек Машбеқұлы.

Қызылорда облысы аумағынан 1051,7 шақырым магистральдық теміржол желісі өтеді. «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ қарасты 8 теміржол вокзалы, 2 қызмет көрсету пункті бар.

2023 жылы «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн. теңгеден астам қаржыға Қызылорда теміржол вокзалы ғимараты мен іргелес аумағы күрделі жөнделіп, абаттандырылды.

Былтыр Мемлекет басшысының, Үкіметтің айрықша қолдауымен облыстағы теміржол вокзалдарының барлығын күрделі жөндеу және абаттандыру қолға алынды.

Қазіргі таңда барлық аудан орталықтарындағы, сондай-ақ Төретам және Сексеуіл теміржол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осылайша жолаушыларға қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылымды жаңғырту және қауіпсіздік талаптарын күшейту көзделген.

Вокзал ғимараттарының сыртқы және ішкі келбеті жаңартылып, құту залдары, билет сату орындары және санитарлық тораптар заманауи талаптарға сай қайта жабдықталуда. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болуына ерекше көңіл бөлінуде.

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін теміржол вокзалдарының қызмет көрсету сапасы артып, тұрғындар мен қонақтарға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптасады.

НӘЛІБАЕВ ИНДОНЕЗИЯ ЕЛШІСІНЕ НЕ АЙТТЫ?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Индонезияның Қазқстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мохамад Фаджрул Рахманмен кездесті. Кездесуде аймаққа инвестиция тарту мәселелері қаралды.

– «Қазақстан мен Индонезияны өзара сыйластыққа, бейбітшілікке және ынтымақтастыққа негізделген ортақ құндылықтар біріктіреді.

Мемлекет басшыларының қолдауының арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынас тұрақты түрде дамуда.

Бүгінде әлемде литий-ионды аккумуляторларға сұраныс қарқынды өскен. Осы бағытта бірқатар елдер, соның ішінде Индонезия аккумулятор өндірісін жүйелі түрде дамытып келеді. Арал өңірінде, нақты айтқанда Шығыс және Батыс Арал учаскелерінде, Жақсықылыш тұз кен орнында литий қорын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта қосымша геологиялық барлау жүргізіп, литий өндірудің тиімді әрі экологиялық қауіпсіз тәсілдерін анықтау жоспарлануда.

Бұл жоба іске асса өңір экономикасына инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өнеркәсіптік әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді. Біздің басты міндетіміз – табиғи ресурстарды тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану.

Сонымен қатар мәдениет және білім салаларындағы қарым-қатынасты нығайтуға шақырамыз. Білім саласында студенттер, мамандар алмасуға, бірлескен бағдарламалар және

техникалық кадрлар даярлауға болады. Қызығушылық білдірген инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіп, жобаларды кешенді сүйемелдейміз.

Сондай-ақ, Қызылорда облысының басым салаларындағы инвестиция қажет ететін 35-тен астам әлеуетті инвестициялық жобаның тизерін ұсынамыз. Жаңа

Өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 2 трлн. теңгеге жуық, өткен жылы 774 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылған. Экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда аймақта 1 трлн. 900 млрд. теңгеге 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10 мың 308 жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд. теңгенің 21 жобасын іске қосу жоспарланған.

жобаларды орналастыру үшін дайын инфрақұрылымы, 300 гектардан астам жер учаскесі бар 6 индустриялық аймақ жұмыс жасайды және 550 гектар аумақта «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймақ құрылды. Ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуға әрқашан дайын екенімізді жеткіземін! Бүгінгі кездесу жаңа жобалар мен бастамаларға жол ашады деп сенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Өз кезегінде Мохамад Фаджрул Рахман әріптестік қарым-қатынасты дамыту ниетін білдірді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Өткенде Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру туралы тапсырмалар бергені белгілі. Жүктелген міндеттерді іске асыру мәселелері талқыланған жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов секторлық режимде арқылы қатысты.

Аймақта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы елді мекендердің барлығы 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су жеткізу мәселесі оң шешімін тапты. Бұл мақсатқа 26 млрд. 200 млн. теңге қаржы бөлініп, 423 көпқабатты үйге ыстық су қосылды. Жылу беру маусымы штаттық режимде өтуде.

Акса energy түрік инвесторы облыс орталығында 215 млрд. теңгеге 240 мегаваттық жаңа жылу электр орталығын салды. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толықтай инвестор қаржысы есебінен бой көтерді. Жылу орталығы өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға үлесін қосуда.

Газдандыру деңгейі 83 пайызға жетсе, тозған электр желілерінің үлесі 60,8 пайызға дейін төмендеді. Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайыз болып, «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағынан өтетін 216 шақырымы пайдалануға берілді.

Кейінгі жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық, барлық ауданда 1800-ге жуық пәтер табыс етілді.

2022 жылдан бері облыста 42 білім беру, 40 медицина, 45 мәдениет, спорт нысаны салынды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасымен 10 жаңа мектеп, «Білімді қолдау қоры» есебінен 150 орындық мектеп, физика-математика бағытындағы Білім-инновация лицей-интернаты іске қосылды. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 28 медициналық нысан ел игілігіне айналды. Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Барлық елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдары арнайы қызметтік автокөліппен 100 пайыз қамтамасыз етілді.



muftyat.kz

Рамазан
Ораза кестесі
2026

һижри 1447 жыл

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	АҚПАН	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Бейсенбі	19 Ақпан	06:12	07:30	12:55	16:29	18:14	19:32
2	Жұма	20 Ақпан	06:11	07:28	12:55	16:30	18:16	19:34
3	Сенбі	21 Ақпан	06:09	07:27	12:55	16:32	18:17	19:35
4	Жексенбі	22 Ақпан	06:07	07:25	12:54	16:33	18:19	19:36
5	Дүйсенбі	23 Ақпан	06:06	07:23	12:54	16:34	18:20	19:38
6	Сейсенбі	24 Ақпан	06:04	07:22	12:54	16:35	18:21	19:39
7	Сәрсенбі	25 Ақпан	06:03	07:20	12:54	16:37	18:23	19:40
8	Бейсенбі	26 Ақпан	06:01	07:18	12:54	16:38	18:24	19:41
9	Жұма	27 Ақпан	05:59	07:17	12:54	16:39	18:25	19:43
10	Сенбі	28 Ақпан	05:58	07:15	12:54	16:40	18:27	19:44
11	Жексенбі	1 Наурыз	05:56	07:13	12:53	16:41	18:28	19:45
12	Дүйсенбі	2 Наурыз	05:54	07:12	12:53	16:43	18:30	19:47
13	Сейсенбі	3 Наурыз	05:53	07:10	12:53	16:44	18:31	19:48
14	Сәрсенбі	4 Наурыз	05:51	07:08	12:53	16:45	18:32	19:49
15	Бейсенбі	5 Наурыз	05:49	07:06	12:52	16:46	18:34	19:51
16	Жұма	6 Наурыз	05:47	07:04	12:52	16:47	18:35	19:52
17	Сенбі	7 Наурыз	05:46	07:03	12:52	16:48	18:36	19:53
18	Жексенбі	8 Наурыз	05:44	07:01	12:52	16:49	18:38	19:55
19	Дүйсенбі	9 Наурыз	05:42	06:59	12:52	16:51	18:39	19:56
20	Сейсенбі	10 Наурыз	05:40	06:57	12:51	16:52	18:40	19:57
21	Сәрсенбі	11 Наурыз	05:38	06:55	12:51	16:53	18:41	19:59
22	Бейсенбі	12 Наурыз	05:36	06:54	12:51	16:54	18:43	20:00
23	Жұма	13 Наурыз	05:35	06:52	12:51	16:55	18:44	20:01
24	Сенбі	14 Наурыз	05:33	06:50	12:50	16:56	18:45	20:03
25	Жексенбі	15 Наурыз	05:31	06:48	12:50	16:57	18:47	20:04
26	Дүйсенбі	16 Наурыз	05:29	06:46	12:50	16:58	18:48	20:05
27	Сейсенбі	17 Наурыз	05:27	06:44	12:49	16:59	18:49	20:07
28	Сәрсенбі	18 Наурыз	05:25	06:42	12:49	17:00	18:51	20:08
29	Бейсенбі	19 Наурыз	05:23	06:41	12:49	17:01	18:52	20:10

ЕСКЕРТУ:

- **Оразаға ниет:** Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- **Ауызашар дұғасы:** Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрынғы және кейінгі күнәларымды кешірі!

- Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына **735 теңге**.
- Пітір садақа және садақаны KaspiBank, HalykBank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Alatau City Bank, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

- **Қадір түні** – наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн.
- **Ораза айт** – 20 наурыз.



Рамазан кестесін MuftyatBot телеграмм чат-боттан жүктеп алыңыз



Call орталық 24/7
+7(707)233 30 30

СЫР ШАҒАРЫНДА СЕРПІН БАР

Сұлу Сырдың жағасында қоныстанған Қызылорда қаласында еселі еңбектің лебі есебі. Олай дейтініміз, шаһардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткішінде оң өзгеріс байқалады. Оның ішінде инфрақұрылымды дамыту, халықтың өмір сапасын жақсарту, іргелі жобаларды жүзеге асыруда ілгерілеушілік жоғары. Бұл жайында Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов жыл бедерінде атқарылған жұмыстары төңірегінде өткізген брифингте мәлімдеді.

Өңір бағыты айқындалды

Жалпы жыл басы Сыр өңірі үшін айтулы, әрі тарихи маңызы зор оқиғамен бастау алды. Қызылордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Келелі кеңесте кемел келешекке жол ашатын мазмұнды пікірлер мен стратегиялық бастамалар тоғысып, маңызды шешімдер қабылданды. Осы арқылы Қызылорда қаласы тағы бір мәрте елдік мәселелер талқыланатын маңызды саяси-рухани орталық екенін айқындады.

Алқалы жиында Мемлекет басшысы өңірдің соңғы жылдардағы даму қарқынына, жүйелі түрде жүзеге асқан жобаларға жоғары баға берді. Бұл тұрғыда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың табанды еңбегін ерекше атап өтті. Шындығында кейінгі жылдары

Өзге өңірлерден өзгеше

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан халықты баспанамен қамту ісі әрдайым басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылып келеді. Соның негізінде соңғы жылдары елімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып, әлеуметтік осал топтарды қолдауға бағытталған нақты жобалар жүзеге асырылуда. Бұл бағытта Қызылорда қаласы өзге өңірлерден өзгеше болып тұр.

— *«Қалада жылма-жыл халықтың сұранысына сай жаңа тұрғын үйлер бой көтеруде. Соның негізінде баспана кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту көрсеткіші жыл сайын артып келеді. Нәтижесінде халықты баспанамен қамтуда біздің өңір республика көлемінде алдыңғы қатардан көрініп отыр. Бұл жылдар бойы жүргізілген жүйелі жұмыстың*

барысы да сөз болды. Бұл бағытта өткен жылы аймақ басшысының тікелей қолдауымен 30 млрд. теңге қаралып, ауқымды жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылған. Қала аумағындағы 79 көшеге жол құрылысы жүргізіліп, бірқатар аумақ қайта жаңғыртудан өткізілген. Сондай-ақ, қаладағы «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылын жаңғырту жұмыстары екі кезек бойынша жүргізіліп, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Сонымен қатар аспалы көпірден бастап Сағымбаев көшесіне дейінгі аралықтағы жолды, Шиелі бағытындағы аспалы көпірді қайта жаңғырту сынды қыруар жұмыстар атқарылған. Сондай-ақ, қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын «Қызылжарма» каналының үстінен өтетін автомобиль көпірін салу ісі өткен жыл шеңберінде жүргізілген маңызды жұмыстардың бірі саналады. Бұдан бөлек әуежай жолы бойындағы Шіркейлі, Сыздық және Жаңадария көпірлері қайта жаңғыртылса, Қызылөзек ауылдық округіндегі «Қожақ» көпірі толық жаңартылып, пайдалануға берілген.

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

— «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аталған бағдарлама аясында құны 5 млрд. 526 млн. теңгені құрайтын 14 жоба жүзеге асырылды.

Анықтама ретінде:

1) Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70,0 мың м3 биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру. Түзету;

2) Қызылорда қаласының көріздік сорғы станцияларын реконструкциялау және жаңғырту. Рабочая көшесінің бойындағы 3 агрегатқа арналған №13 «Гагарин» КСС

3) Қызылорда қаласында Камалов көшесі бойымен Н.Шаменұлы көшесінен Көкенов көшесіне дейін су құбыры желісін жаңарту;

4) Қызылорда қаласында Ге Бон У көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Ш.Айманов көшесіне дейін, Ремонтчиков (Киселев) көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Ш.Айманов көшесіне дейін, Путейцев көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Жанқожа батыр көшесіне дейін су құбыры желісін қайта жаңарту;

5) Қызылорда қаласында Байсеитова көшесімен «Себіхұн» институты, «Евразия» спорткомплексі, Есенов көшесі, Мұратбаев атындағы орталық стадионнан №5 КНС-ке дейінгі өздігінен ағатын көріз желісін қайта жаңғырту;

6) Жанқожа батыр көшесі темір жол арқылы және Жанқожа батыр көшесі тұрғын үйлер бойындағы, Айтбаев көшесінен Айтбаев-Желтоқсан қылысындағы СҚ-на дейінгі су құбыры желісін қайта жаңғырту;

7) Қызылорда қаласы орталық бөлігінің су құбыры желілерінің құрылысы жобасын қоса қаржыландыру;

8) Қызылорда қаласында Ыдырысов көшесімен, Журба көшесінен Ыдырысов тұйығына дейінгі су жүйелерін қайта жаңғырту;

9) Қызылжарма ауылдық округінде жалпы қуаттылығы 1440 текше метр болатын 3 дана ұңғыма бұрғылау;

10) Белкөл ауылында су құбыры, қысымды көріз желілері құрылысы;

11) Қызылорда қаласы Сабалақ елді мекеніне су қоймасының құрылысы.

12) Қызылорда қаласы Тұран көшесіндегі су құдығынан бастап Ақжарма көшесіндегі су құдығына дейінгі су аралықтағы Өнеге (Свобода) көшесі бойындағы ауыз су жүйесі және Жас Алаш көшесіндегі құдығынан бастап Ақжол көшесіндегі су құдығына дейінгі аралықтағы Тұмартежел көшесі бойындағы ауыз су жүйесінің құрылысы;

13) Торайғыров көшесіндегі су құбыры желісін, тұйық Махамбетов көшесіндегі су құбыры құдығынан Қорқыт ата көшесі бойымен КБИ ауданындағы Достық көшесіндегі су құбыры құдығына дейін қайта жаңарту;

14) F.Мүсірепов көшесі ҚҚ №10 тұрғын үй, Скатков көшесіндегі №104, №111 тұрғын үйлердің, Скатков көшесі, F.Мұратбаев көшесінен КНС-14 ҚҚ-72-ге дейінгі өздігінен ағатын көріз желілерін қайта жаңғырту.

Мұндай жобалар биыл да жалғасын табады. Биыл Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал елдімекеніне қосымша скважина орнатуға 624 млн. теңге бөлінді.

Биологиялық тазарту станциясын жаңғырту мен автоматтандыру жұмысын аяқтауға 1 млрд. 264 млн. теңге қаралып отыр.

Одан бөлек, 697 млн. теңгеге қаладағы су құбыры желілерінің құрылысы жүргізіледі. Жалпы, Қызылорда - 100 пайыз сапалы әрі таза ауыз сумен қамтылған қала.

шаһарда атқарылып жатқан өркенді істердің өрісі кең. Нақтысы, қалада іргесі қаланған жаңа жылу электр орталығы, халықты сапалы ауыз сумен қамту бағытындағы ілкімді істер, тұрғындардың көгілдір отынға қол жеткізу деңгейінің артуы, автожолдар сапасының жақсаруы мен логистикалық инфрақұрылымның жаңғыртылуы ерекше атап өтуге тұрарлық. Бұл жобалардың әрбірі тұрғындардың өмір сапасын арттырумен қатар, экономиканың тұрақты дамуына берік негіз қалыптастырды десек артық айтқандық болмас.

Сонымен қатар биыл өңірде жаңа Драма театр мен Президенттік кітапхана ғимаратының салынуы алдағы уақыт еншісінде атқарылуы тиіс жұмыстардың ауқымдылығын аңғартады. Қала әкімі есепті жиында осы сынды өңірдің мәдени-рухани әлеуетін арттырып, жастардың білім мен өнерге деген қызығушылығын дамытуға тың серпін беретін ауқымды жұмыстардың барысын баяндады.


жемісті нәтижесі деп айтуға болады.

Жалпы өткен жылы көпқабатты тұрғын үйлерді салу және дайын пәтерлерді сатып алу үшін 35 млрд. 812 млн. теңге көлемінде қаржы қаралып, 1890 отбасы баспаналы болды. Мұндай жұмыстар биыл да қарқынды түрде жүргізіледі», - деді қала әкімі.

Әкімнің мәлімдеуінше, халықты тұрғын үймен қамту бағытында биылғы жыл еншісіндегі жоспарлы жұмыстар ауқымы кең. Осы мақсатта кезекте тұрған отбасыларға пәтер сатып алу үшін биыл облыстық бюджеттен 39 млрд. 474 млн. теңге қарастырылыпты. Қала әкімі Н.Ахатов осы арқылы қала халқын баспанамен қамту мәселесін кезек-кезеңімен шешу көзделіп отырғанын алға тартады.

Жолдар мен өткелдер қайта жаңғырады

Брифингте өңірдің қарқынды дамуына серпін берген маңызды саланың бірі — жол-көлік инфрақұрылымының



Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы М.ЖЕТИЛГЕНОВ:

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ИГІЛІГІ

Мемлекеттік қолдау шаралары мен қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру бағытындағы жүйелі жұмыстар нәтижесінде қала көлемінде отандық және шетелдік инвесторлар үшін тиімді жағдай жасалуда.

Инвестиция көлемінің артуы нәтижесінде өткен жылы қалада жалпы құны 240 млрд. теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба жүзеге асты.

Өңдеу бағытында заманауи кірпіш зауыты, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешені, екі шағын өнеркәсіптік паркі, жоғары технологиялық айна шығару өндірісі, күріш ақтау және ас тұзын өндіру зауытын кеңейту жобасы, қапталған шыны өндіру цехы сондай-ақ, заманауи жиһаз өндірісі іске қосылды.

Іске қосылған инвестициялық жобалардың нәтижесінде 900-ден астам жаңа жұмыс орындары құрылды.

Биылғы жылы қалада жалпы құны 45 млрд. 900 млн. теңгеге 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Атап айтқанда, жолаушылар вагондарын жөндеу кешені метан газ құю бекеті бар қызмет көрсету пунктi, картон қағаз және пластмасса бұйымдары өндірісі сондай-ақ, дене шынықтыру мен сауықтыру кешені мен екі қонақ үй пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу бағытында жалпы құны 111,6 млрд. теңгені құрайтын үш ірі инвестициялық жобаның құрылысы басталады.

Өткен жыл қала экономикасы үшін табысты әрі нәтижелі кезек ретінде сипатталды. Негізгі көрсеткіштердің оң динамикасы экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз етіп, инвестициялық белсенділіктің артуына, өндірістік



әлеуеттің нығаюына және кәсіпкерлік ортаның кеңеюіне қолайлы жағдай қалыптастырды.

Өткен жылы қалада тіркелген кәсіпкерлер саны 35881-ге жетті. Кәсіпкерлік секторында 66 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылып, 623,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Сауда саласында да оң динамика қалыптасты. 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында бөлшек сауданың нақты көлем индексі 102,6%-ды, көтерме сауда 115,9%-ды көрсетті.

Өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі — 549 млрд 253 млн. теңгені құрап, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі - 108 млрд 205 млн. теңгеге жетті.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 369 млрд. 412 млн. теңгені межеледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ:

Биыл 975 млн. 900 мың теңгеге «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы оңтүстік магистралды каналы арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталады.

1 млрд. 600 млн. теңгеге С.Торайғыров көшесінен Қызылорда-Құмкөл автожолына дейінгі Сағымбаев көшесі қайта жаңғыртылады. Бұл — аса маңызды бастамалар.

Себебі, жаңа көпір мен қайта жаңғыртылатын Сағымбаев көшесі «Батыс Европа - Батыс Қытай» дәлізі мен Астана қаласынан келетін жолды түйістіретін үлкен қақпа болады.

Құны 2 млрд. 600 млн. теңгеге қаладағы 8 автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтеді.

Анықтама ретінде:

1. Ж.Шанин көшесі Сағымбаев көшесінен Қызылорда-Жезқазған трассасына дейін — 2960 м;

2. Б.Момышұлы көшесі 2-ші Қаржаубаев көшесінен Әл-Фараби көшесіне дейін — 2900 м;

3. Б.Асқар көшесі Тоқмағанбетов көшесінен Айтбаев көшесіне дейін 750 м;

4. Жахаев 1 көшесі — 150 м;

5. Сарқырама көшесі — 1230 м;

6. Қырғыз ахун тұйығы — 62 м;

7. С. Романов көшесі — 236 м;

8. Ыдырысов көшесі — 1140 м.

Жоспардағы ірі жобаларымыздың тағы бірі - биыл Н.Назарбаев даңғылын Б.Баймаханов көшесінен бастап Тасбөгет кентіне дейінгі аралығын қайта жаңғыртып, күрделі жөндеуден өткіземіз. Бұл жұмыстардың қатарына Тасбөгет кентіндегі А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелері еніп отыр.

Сондай-ақ, Б.Баймаханов пен А.Шәменов көшесінің аралығына дейінгі А.Спанов көшесін де қайта жаңғыртамыз.

Дәл осы ізбен Назарбаев даңғылы арқылы қала мен Тасбөгет кентін жалғайтын «Қызылжарма» каналының автомобиль көпірін қайта жаңғырту жоспарымызда бар. Бұл алдағы уақыттың еншісінде.

Сонымен қатар, «Тәуелсіздікке — 25 жыл» даңғылын Қ.Маханбетов көшесімен жалғап, Марал Ишан көшесін қиырып, кезек-кезеңімен кәсіпкеріс қақпаға дейінгі аралығы да қайта жаңғыртуға жатқызылды. Бұл жобалар мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуға ұсынылған. Аймақ басшысының қолдауымен аталған жобаларды қаржыландыру нақтыланды.

2 млрд. 659 млн. теңгеге кент және ауылдық округтердің 29 көшесіне қайта жаңғырту, орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

теңгеге С.Торайғыров көшесінен Қызылорда-Құмкөл автожолына дейінгі Сағымбаев көшесін қайта жаңғырту жоспарланып отыр екен. Сонымен қатар, 8 автомобиль жолын күрделі жөндеу, бірқатар көшелер мен көпірлерді қайта жаңғырту жұмыстары жоспарда тұр екен.

ХАЛЫҚ ТАЛАБЫ ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

Шаһар басшысы халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын тілге тиек етті.

Негізінен аталған бағдарлама аясында жалпы құны 5 млрд. 526 млн. теңгені құрайтын 14 жоба жүзеге асырылыпты. Сол арқылы қала мен елді мекендердегі су инфрақұрылымын жаңартуға, тозығы жеткен желілерді кезек-кезеңімен ауыстыруға және тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік арта түскенін айтады.

Мұндай жоспарлы жұмыстар биыл да өз жалғасын таппақ. Атап айтқанда, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал елдімекенін тұрақты ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қосымша скважина орнатуға 624 млн. теңге бөлінген. Осы жоба арқылы ауыл тұрғындарының суға қатысты мәселесін түбегейлі шешілетініне сенім зор.

Бұған қоса, қала аумағында биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру жұмыстары аяқталуға жақын. Оған 1 млрд. 264 млн. теңге қарастырылған. Сол сияқты қаладағы ескі желілерді жаңалап, су беру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс емес дейді, қала әкімі.

Жалпы қала аумағын сумен жабдықтау бағытында жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар ауқымы кең. Соның нәтижесінде Қызылорда қаласы 100 пайыз сапалы, әрі таза ауыз сумен қамтылған өңірлердің қатарынан көрінгенін мәлімдеді.

Шаһардың әлеуметтік тұрғыдан дамуы мен халықтың тұрмыс сапасын арттырудағы негізгі басымдықтың тағы бірі— тұрғындарды көгілдір отынмен қамту болып саналады. Бұл бағытта да атқарылған жұмыстар ауқымдылығымен қуантады.

Есепті жиында қала аумағындағы газ желісі жетпеген елді мекендер мен аумақтарға көгілдір отын тарту үшін 3 млрд. 500 млн. теңге қаржы бағытталғаны жария болды. Бұл бірінші кезекте шаһардың шет аймақтарын газдандыруға серпін беріп, тұрғын-

дардың коммуналдық жағдайын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндікті арттырды. Нәтижесінде, бүгінде қалаға іргелес орналасқан «Сабалақ» елді-мекеніндегі газға қатысты ұзақ жылдар бойы көтеріліп келген өзекті мәселенің оң шешімі табылды.

Қала әкімі алдағы уақытта Қызылөзек ауылдық округіне қарасты үш елді мекенге газ құбырын тарту жұмыстары қолға алынатынын жеткізді. Бұл жобаға 1 млрд. 800 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттама әзірленген. Қазіргі таңда аталған жобаны іске асыру мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде екен. Сонымен қатар қала дамуының ұзақ мерзімді бас жоспары аясында іргедегі саяжай алқаптарын инфрақұрылыммен толық қамту мәселесі кеңінен қарастырылып жатқаны белгілі болды. Соның негізінде Эдельвейс, Еңбек, Орбита секілді саяжай аумақтарына да кезек-кезеңімен газ желісін жүргізу жоспарға енгізілген.

Шаһарда «Ауыл — Ел бесігі» жобасы аясында да ауқымды жұмыстар атқарылған. Бұл тұрғыда жалпы құны 2 млрд. 321 млн. теңгеге 6 елді мекеннің жаңа қоныстанған аумақтарына электр желілері тартылса, тозығы жеткен желілерді қайта жаңғырту жұмыстары жүйелі жүргізілген.

Жалпы шаһар басшысы соңғы жылдары Қызылорда қаласы әлеуметтік-экономикалық дамудың даңғыл жолына түсіп, қарқынды жаңғыру кезеңін бастан өткеріп жатқанын жеткізді.

Е. ЖАЛҒАСБАЕВ

Кітапхана

ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ОЛЖАСЫ МЕН ОЛҚЫСЫ

Иә, лауазымын жаңа бастаған кезінде Нұрсұлтан Назарбаевтың уысында ұлттың ұлы тұлғасы, халқының қаһарман қайраткері, парасатты перзенті, шын мәніндегі елбасы, кемеңгер көсем, даңғайыр данышпан болып қалудың барша мүмкіндіктері тұрды. Мұны тиімді пайдалана білгенінде, ол тарихта елдің ең алғашқы президенті ғана емес, сонымен қатар бүкіл халқының пайғамбардай пір тұтатын пірадарына айналған болар еді. Өкінішке қарай, ол өзіне тағдыр сыйлаған бұл келешегі кең келелі кепілдікті байыппен бағалаған жоқ, немесе бағалай алуға өресі жетпеді, не бұған өзіне тән өзімшілдік жол бермеді. Сөйтіп, шудалы шансты жіберіп алды. Мұның орнына жеке басы мен өзінің отбасы мүшелерін, жерлестерін құда-жекжаттарын, дос-жарандарын, сыныптастар балаларын, сосын өзіне пайдасы тимесе, залалы тимейтін шетелдік қаңғыған беймәлім келімсектерді жарылқап, шексіз байытуды қош көріпті.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢҚАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы айран-асыр қуаныш пен азаттықтың романтизмі кеудені қатты керіп тұрған кезеңде қоғам бүкіл билік бишігін бір адамның қолына жиып бергеннің тәуекелі бәрінен де қауіпті жайт екенін аңғаратындай халде болмады. Парламентті тарату, жекешелендірудің күдікті қорытындылары, рухани құндылықтардың құнсыздануы қарапайым халықты біршама алаңдатты. Ал капиталдың жабайы тәсілмен қор жинауын керісінше көп адам қолдап, оның ұсынған ойын ережелерін кедергісіз қабыл алды.

Тіршілік етудің қиын жағдайлары жайының себептерін түсіндіруге келгенде, Нұрсұлтан Назарбаев соншалықты бір тапқырлық таныта алмады. Бастапқыда кеңес кезеңінің соңғы легінде барлық кінені Мәскеудің өктем билігіне жаба салуды үйренсе, кейінірек өзінің алдындағы қайраткердің жол беріп кеткен кемшіліктерін термелеп кетуді шығарды. Одақтық «Дружба народов» журналының 1987 жылғы №9 нөмірінде жарияланған сұхбатында ол: «Руководитель не должен десятилетиями занимать один и тот же высокий пост. Нет той мобильности. Желание «казаться» на своем месте создает, в конечном итоге ореол непогрешимости. Тут нужен временный ценз. И, само собой разумеется, гласность. Это лекарство от всех болезней. К чему приводить ее отсутствие, мы имели возможность убедиться много раз. Нельзя много лет быть «во главе». Теряется чутье по отношению к окружающим тебя лицам. Свежих мыслей не понимаешь или не принимаешь, перестаете быть критичным по отношению к себе. Делаешь неизбежные промахи, и более всего в кадровой политике, окружая себя нано не поклонниками, а умными трансформирующими идеи. Это не должно повториться», - деп атап көрсетті.

Бірақ өзі сын садағына алып отырған Дінмұхаммед Қонаев Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы ретінде Одаққа тәуелді республиканы 18 жыл басқарса, Нұрсұлтан Назарбаев, кеңес кезеңінде партия көсемі болған екі жылын есепке алмағанда да тәуелсіз еліміздің билігін 30 жылға жуық уақыт тапжылмай ұстады. Қонаев қызметтен кетерінде мемлекеттің бір тиынына да тимей, барынша таза қалыпта кетсе, Назарбаев тек өзін ғана емес, сонымен бірге күйеу балаларын қоса алғанда әулетін түгелімен дерлік Forbes тізіміне кіретінді шіріген байға айналдырып барып, отставкаға шықты.

Осы орайда оппозициялық «Азат» партиясы жетекшілерінің бірі Петр Своек: «... Назарбаевтың 20 жылдық билігін мен он он жылдан екі кезеңге бөлер едім. Алғашқы он жылында шынымен-ақ қиындықтар көп еді. Ол тұтасымен өзінің роліне лайық-тын. Сол кезде Назарбаев шын мәнінде ұлттың көшбасшысы болатын. Тіпті бүкіл биліктің бір адамның қолына шоғырлануы да сол кезгі ахуал бойынша, айталық, кешірімді болды,- деді «Азаттық» радиосы тілшісі 2009 жылы өткізген «дөңгелек үстел» басындағы әңгіме кезінде. - Бірақ сол екі президенттік мерзім өтіп, өз жөнімен саяси жүйені де, экономикалық жүйені де мығымдайтын уақыт жеткенде, өкінішке қарай, ол «баяғы соқпаққа» өзі түсті. Биліктің дәміне үйреніп алды. Міне, содан кейін жүйе жайдақылана бастады. Мен тіпті «аши» бастады дер едім. Оның билік басында ұзақ отыруы да соның салдары. Ал «бүкілхалықтық қолдауға» келер болсақ, онда өз тарапымынан атап көрсететінім мынау: Қазақстандағы барлық сайлауды «Нұр Отанның» сайлау комиссиялары өткізеді. Сондықтан сайлау сайысындағы ғажайып қорытындыны Қазақстан сайлаушыларының емес, әлгі сайлау комиссиялары мүшелерінің еңбегі деп білу керек».

Егемен елдің президенті ретіндегі мансабын 90-жылдардың басында бастаған Нұрсұлтан Назарбаев билік тізгінін ұстағанына он жыл таяған тұста кеңестік үлгілерден айырмашылығы шамалы идеологияның желісі бойынша халықты ертең жақсы өмір үшін бүгін төзімділік көрсету керектігін жарнама жасайтын тұжырымдамаларын іске қоса бастады. Ол жамағатқа үндеулер, жол-

даулар, стратегиялық бағдарламалар, әртүрлі қадамдар түрінде жиі жетіп жатты. Өзіне үміттерін үкілеп қадап қарап отырған жұртты сондай иллюзияға еліктіріп қоюдың манипуляциясын көнігі сиқыршыдай жете меңгеріп алған Елбасы сол жылдардан бастап «батпан құйрықтардың» талайын дүрбі жолдың бойына онды-солды лақтыра беруге бел шешіп кірісті. Сондайдың бір қызған кезінде қазақ елінің дүние дидарындағы «екінші Кувейт» атанатын деңгейге жетіп, тұрғындары ондағылардан да артық өмір сүре бастайтын мейімлдеген мерзімінің алыс емес екенін соғып жіберді.

Бірақ, әлбетте, ел ешқашан екінші Кувейт бола алған жоқ. Тіпті оған маңайлап та бара алмады, мұның орнына шетелдік қарыздарының ауқымы бастан асатын еңіреген елге айналып кетті, онымен қоймай, жұрттың да басым бөлігіне несиенің нұқтасын нықтап кігізіп қойды, өзімен келіспеушілерді қуғын-сүргінге салу мен қастандықтың қанды шеңгеліне ұшырату жағынан да ешкімге есе жібермеді. Сөйтіп, Елбасының бұдан бірнеше жыл бұрын өз аузымен жеткізген мәлімдемесі кезекті мәрте «құлаққа кеспе ілу» болды да шықты. Негізі, мен президент өзінің қызметінің бастапқы шағында халықты шынымен бақуатты етуге, әлемдегі ең дамыған елдердің қатарындағыдай өмір сүру дәрежесіне жеткізуге ниетті болды ғой деп ойлаймын. Кейін келе, оны сөзі ететін әлдекімдер,

қаншама зауыттар мен фабрикалар өмірге келді. Бүгінде солардың бәрі дүрілдеп жұмыс істеп тұрса, шынында экономикасы дамыған алып қуатты елдер шеңберінен өз орнымызды тапқан даңғайыр держава болып отырар едік. Өкінішке қарай, сол рапорттардың реңінде қатарға қосылған нысандардың көпшілігі арада бір не үш ай, жарты жыл, не бір жыл өткеннен кейін біржола тынып, тоқтап қалып жатты. Оны Елбасының өзі де жақсы білді. Өзі тіпті бір жиында Ақтауда іске қосылып, бір күннен кейін тоқтап қалған полиэтилен шығаратын зауытқа орай қатқыл сын да айтқан еді. Ал әр жылдары республиканың әр мүйісінде бой көтеріп, шетелдік автомобильдерді құрастырып шығаратын зауыт болып құрылған біріккен кәсіпорындар қаншама еді! Олардың да көбі әрі кеткенде, бір жыл тіршілік етіп, артынан «келместің кемесіне мініп кетті». Біз мұндай «бүгін - бар, ертең - жоқ» өндіріс орындарының өрекетінен президент мүлде хабарсыз болды деп ойламаймыз. Бұларды оның білмеуі мүмкін емес. Алайда, бюджеттің қыруар қаржысын тектен текке желге ұшырып жібергендерді заң алдында жауапқа тартқан бірде-бір жайт бола қоймады. Тіпті «сити» деген тіркемесі бар қала салуды бастап, су аяғын құрдымға жібергендер де кейін айылдарын жиған жоқ. Осының бөріне талдау жасай келгенде, біз Назарбаевқа бұлардың бәрінің негізінен халықты өркендеу жолында орасан жұмыстардың жасалып жатқанына ешбір

I-тарау ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

- бәлкім, шетелдік кеңесшілерінің бірі болуы да әбден ықтимал, - бұл адал пейілден айнытқан, тура жолдан тайдырған. Сонда ол (не олар) мемлекетіміздің басшысын «қарапайым халық айтарлықтай байып алса, сенің сөзіңе құлақ аспай, өзіңе қарсы шығатын болады, ал кедейліктің дертесін киген жұртты басқару оңай, ол сенің айдаған жағыңа барып, айтқан сөзіңе ден қойып, құлақкесті құлың болып жүре береді» деген мазмұнда насихат айтып, шұғыл тоқтатса керек. Мұның үстіне, экономиканың қозғаушы қуатты күші болатын көнігі кәсіпорны жоқ, бар тапқаны шикізаттан түскен қаржы болып отырған елдің болашақта сол деңгейді ұстап тұра беруі де қиын еді. Осы екі себеп алдында арқырап тұрғаннан кейін Елбасы алған бетінен қайтып, «ұзақ та болса жақын жолды» таңдап алғанға ұқсайды...

Осыған жалғас тағы бір әңгіме: Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы 10 сәуірде Астанада өткен «Ұлт көшбасшысымен - жаңа жеңістерге!» атты жастар форумында Қазақстандағы өмір сүру қалпын «жұмақ» деп атап алып, енді неге біздің Америкадағыдай, Біріккен Араб Әмірлігіңдей, Еуропа елдеріндегідей қалыпта тұра алмай жатқанымыздың себебін айтып берген еді. Оның түсіндіруінше, экономикасы бен өмірімізге күрт әсер ететін нақты екі фактор бар. Біріншісі - ауа райы, екіншісі - алыс қашықтық, теңізге шығудың жолы жоқтығы. Демек, бәрін бүлдіретін климат пен география екен. Мұнымен қоймай, Назарбаев: «Дамыған елдерде біздегідей нағыз азз-ды қыс жоқ», - деп солқ еткізді. Сонда өмір сүру деңгейі бойынша әлемде тұрақты түрде ең биік тұғырлардан орын алып келе жатқан, соңғы он жыл көлемінде ылғы топтың ұшар басынан табылып жүрген, теріскейде орналасқан Норвегия, Финляндия, Швеция елдерінде дәл біздегідей қатқыл қыс жоқ болғаны ғой? Қысы қатты державалар қатарына кіретін АҚШ пен Канада онда неге әлгінде аталған елдер сапында көштің басында тұр?

Нақты істен гөрі қияли-таңғажайып тәмсілдерге тәнті Елбасы өзінің 2018 жылдың қаңтар айында жариялаған кезекті Жолдауында елімізді әлемнің озық 30 мемлекетінің қатарына кіруі керектігін мәлімдеді. Бұл кезде жұрт мұның бөрінің жай әуейі әңгіме екенін әлдеқашан ұғып қойған. Бұл кісінің тәжірпілеуінше, мұны алдын-да алға қойылған маңдайалды 50 мемлекеттің сапынан орын алу міндетін толық толайым етіп қойған екенбіз. Бірақ мұнысы елдің күнделікті тірлігі мен халықтың әл-ауқаты ахуалынан көріне қоймайды. Бұл жолғы жолдауда да нақты іс пен міндеттен гөрі жалпылама қыздырма қызыл сөздердің тасқыны толықсып тұрды. Әйтпесе, он тармақтан тұратын құжаттың бірінші буынындағы «Қазақстан өнеркәсібі жаңа технологияларды енгізудің флагманына айналуы керек. Салаға бизнес өнімділігінің деңгейін көтеріп, заманауи өнзес үлгілерін меңгеру қажет» деген нұсқаманы қалай түсінуге болады? Қайдағы өнеркәсіп, қайдағы заманауи технология? Қайдағы флагмандық? Елде тым болмағанда, өз бетінше өнім шығаратын бір іргелі өнеркәсіп орны бар ма екен әуелі? Кейін ақылға сыймайтын он тармақтан құралған жолдау жаһанның біраз елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде сынға алынып, күлкіге айналдырылды.

Кезінде жыл сайын Нұрсұлтан Назарбаевтың туған күнінде, 6 шілдеде тікелей эфир арқылы форум өтіп, облыстардың әкімдері президент алдында қолма-қол есеп беріп, шараға өзінің қандай нақты нәтижемен келгені, яғни өзі басқарып отырған өңірде қандай нысанды іске қосып жатқанын экран арқылы көрсетіп, баянат ететін. Сол дүмпумен еліміздің түкпір-түкпірінде

риясыз иландыру үшін ғана қажет болғанына көз жеткізе түсеміз. Елбасының өзіне ең басты керегі - сол! Ал олардың ұзамай істен шығатыны жергілікті басшыларға бесенеден белгілі болған. Бұлар оған саналы түрде барған және көзбояушылықтары үшін жазаланбайтындарын да жақсы білген.

Елдің ендігіндегі осындай істердің кең етек алуына жол беріп қойған Назарбаевтың адам ретіндегі бар қасіреті қаптаған туыстарын өзімен бірге ел басқартып қойғанында болды. Ол өз жақындарын биліктен аластатудың орнына, соған тартуға ынталылық танытты. Осы орайда экс-президенттің өзі көп сөз ететін, көп еліктейтін, өзіне дос санайтын «Сингапур кереметінің» авторы Ли Куан Ю бір кездері: «Менің алдымда екі жол тұрды. Біріншісі - халқымды тақыр жерде қалдырып, өзімді ұрлыққа белшеден батырып, достарым мен туыстарымды «Форбстың» тізіміне енгізу. Екіншісі - халқыма қалтқысыз қызмет етіп, елді әлемнің үздік елдерінің алғашқы ондығына орнықтыру. Мен бұлардың екіншісін таңдадым. Жемқорлықты түбірінен жою үшін күресті өзімнің үш досымды түрмеге отырғызудан бастадым. Жұрт олардың кімдер екенін және олар өздерінің не үшін отырғандарын жақсы білді» десе керек. Өкінішке қарай, Нұрсұлтан Назарбаевтың бойынан мұндай азаматтық позиция табылған жоқ, олай етуге оның ерік-жігері де жете бермеді. Ол тек әуелі сол заманда өзінің абыройын, өзгелеріне қарағанда, қыр көрсетіп, ашықтан-ашық айрандай төгіп біткен, сосын бұл әрекеттері өшкере болып, қуғынға түскеннен кейін батып қарсы шыққан, тіпті өзін жан-жақты қаралауға арналған кітап та шығарып үлгерген үлкен күйеу баласына қарсы бірқатар санкциялар қолдануға, соның ішінде сот арқылы сырттай соттатуға, билікке тәуелді бұқаралық ақпарат құралдарында оған қарсы науқан ұйымдастыруға мәжбүр болды. Алайда түбіртектің түйінін біржола шауып тастауға тәуекелі тұрмады, Керісінше, осыдан кейін туыстары бірінен кейін бірі еліміздегі ең бай адамдардың қатарына қосыла берді.

Жасыратыны жоқ, Нұрсұлтан Назарбаев алдымен өзінің әулетін ақиқаттың ақ жолына салып, адал өмір сүруге итермелеудің орнына, еліміздің Ата Заңы - Конституцияны мақсатты түрде өз ыңғайына қарай қайта-қайта өзгерттіріп, жеке дербес билігін бұрынғыдан бетер қушейтуді, соның сыңайында зейнетке кеткеннен кейін де құзыретінен айырылмаудың, қайта одан да гөрі әлеуетті бола түсудің қам-қарекетін жасап, ағайындары мен ең сенімді нөкерлерін ел мәселіндегі ең шешуші, ең түйінді лауазымдарға қойып, халықтың байлығы мен мемлекеттің күш-қуатын өзі бақылап тұра алатындай режим құруды күйттеп кетті. Exlusive газетінің жазуына, оның үлкен қателігі - қызметке келген алғашқы жылдарынан айналасын жағымпаздар мен жарамсақтарға толтырып алды. Сөйтіп, өзі және солар ойлап тапқан шынайы шындық шырайынан шалғай, ақиқи ақиқат ауылынан алашқ қиял әлемінің өбі-төбі өткеншегінде тербетіліп отырды. Тегінде, жер жүзінде жөңкіп жүрген «Өрбір халық өз көшбасшысына лайық» деген нақылдың расында жаны бар шығар.

Осы орайда тағы да жазушы Шерхан Мұртазаның айтқан мына сөзін келтіре кетудің реті келіп тұр. Ол тұңғыш президенттің бір қабылдауында болған кезінде самайын сипап қойып, алдындағы қағазына үңіліп қарады. Осы сәт көрінісі түсірілген бейнежазба қазір әлеуметтік желілерде жүр. Міне, сол қабылдау мезіретінде қаламгер: «Сізге ақыл үйретейін деген ниетім жоқ... Бірақ, халық айтады, халық не дейді, «Араны ашылған қыран не аң алады, не аңшының өзін алады» дейді. Осыған қатты мән берсеңіз!» деген өтініш білдірді. Бірақ біз

бұл президент пен жазушы арасында алдын ала жасалып алынған келісімнен соң айтылған ләм бе, жоқ, қайраткердің кездесуге түйіндеп келген өз уәжі ме, - мұны білмейміз. Бірақ қапысыз айтылғанында күмән жоқ. Тек бір өкініштісі, Елбасы бұл өсиетті де кейін қаперіне іле қоймады. Соның ақыры кеуделерін ашу бұған халықты көтеріп әкетіп, қасіретті Қаңтар қырғынына дейін апарып жеткізді...

Осы жылдардың бөрінде Нұрсұлтан Назарбаевтың жанында баяғыдағы әрдайым қиын-қыстау кездерде Абылай ханға дем беріп, жөнге салып тұратын Бұқар жырау Қалқаманұлы тәрізді шын жанашыр кеңесші болған жоқ. Мына түрік халқы осындай кеңесшіні «danışman» дейді. Демек, османлы инсандары мұндай ақылмандарды шу басынан жоғары бағалай білген. Мұның орнына біздің зиялы қауым өкілдері жаппай Елбасына «тең таппай, қиналған... жері осыны» білдіретін дастандар мен одалар, әндер мен күйлер жазып, жыл сайын өзара сайысқа түсіп жатты. Сол үшін қаншама сый-сияпаттар сыбағасын алды. Бірақ сол жасампаз жырлар қайда қазір? Кім оларды құныға, тамсана оқып жатыр? Мезгіл күресініне қарай кенеусіз кетіп бара жатқан сол туындыларды кейін әлдекімдер рухты көтеріп, шабыт шақыру үшін керек етер ме екен?!

Бекер обалы не керек, мұндай мұшайраларға қаламгерлер қауымы түгел ат қосып кеткен жоқ.

Олардыңарасындазаман суретінеелдіңбейнесін, жұрттың толғанысын шынайы қалпында беруге батыл бейіл танытқан жазушылар да кездесті. Мен сондай шығарманың бірі ретінде дарынды драматург, прозаик Думан Рамазанның «Көш» атты эллегиялық ертегісін атар едім. Онда қуарған қу даланың бойын қуалап, ұзыннан-ұзақ шұбатылып бара жатқан көштің жұру барысы суреттелуі арқылы қоғамның болмыс-бітімі мен бет-бейнесі ашыла түседі. Ат мінген, түйеге теңдеген, жаяу жосыған адамдар легінің алдында жанында айдай сұлу тоқалы бар, қатарынан сегіз ат парлай жегілген арба ішінде қалғып-мүлгіген көш бастаушы Малбұқа көсем келеді. Онда кейінгі алты ат парлап жегілген күміс күймеде көсемнің үлкен үш әйелі үш жаққа қарап, томсырайып отыр. Төрт ат парлай жегілген қол күймеде олардың балалары айтысып-тартысып, ұлардай улап-шулап барады. Ал бел ортада құла биеге мінген дана қарт пен күрең тайлы он үш жасар бала жортақтап жүр. Туындының мазмұны да негізінен осы екеуінің арасында өрбитін сөз қағысы арқылы айқындалады. Таңдайы тақылдаған бала сұрақ қойғыш. «Ата, біз осы қайдан шықтық?» дейді ол бір кезде, «Менің білімімше, Бағзы жатқан шыққан сияқтымыз». «Ол қай жақта? », - дейді балақай тағы. - «Арт жағымызда». - «Қазір қай жерде келеміз? ». «Жетер жеріміздің желке тұсында». Бұған бала: «Сонда біз осы қайда бара жатырмыз?» деп, таңырқай қарайды. Қарияның жауабы да дайын: «Біз қайдан шықсақ, сол жаққа қайтып бара жатқан сияқтымыз». Бала сонда түкке түсінбей, атасына үрпие қарайды. Сосын тұрып-тұрып, өзүіне күлкі үйіріліп: «Ата, сіз тұқ білмейді екенсіз ғой! Біз Жұмақ-жайға бара жатыр емесіз бе? Оны басқа емес, көсемнің өзі айтқан жоқ па?» деп тақ етеді. Көнекөз қария қаншама рет ұғындырса да, немересі көшбасшы сөзін алға сап,өздерінің жұмақ жерге бара жатқандарын айтып қоймайды.

Алайда бұлар ақыр соңында талай бұлталақтар мен бұралаң белестерден өтіп, жолай қаншама адамдарынан айырылып, өздерінің қоныстарына басқа тұстан қайта айналып келеді. Баяғы құлазыған қу медиен, құла дүз. Соның өзінде Бас уәзір бастаған жандайшаптар жап-жасыл мекенге жеткендерін айтып өзүеуериді, мұның арғы жағында жоқ ну орманды, сосын арқыраған өзенді бар етіп көрсетеді. Сонда халықтың дені осыған илана кетеді. Оған келіспей, келген жерлерін тамұқ деген Нағыз ақын сол жерде Бас уәзірдің қолынан қаза табады. Ал бұларды жол бойы мақтаудан жалықпаған Сарай ақыны бар марапат пен сый-сияпатқа қарық болады. Баланың көзі сол кезде ғана шындыққа жетеді. «Шындық өлді, - дейді қария немересінің басынан сипап тұрып. - Шындық барда өтірік байқап жүрүші еді, енді шайқап жүретін болды. Өтіріктің таңы атып, жалғанды жалпағынан басатын күні туды». «Енді не істейміз?» - дейді бала жаутаң қағып. «Енді жанымыз қаласа да, қаламаса да, өтірікпен ауыз жаласып өмір сүреміз. Өйткені жан тәтті, ешкімнің Нағыз ақынның кебін кігісі келмейтіні белгілі», - деді қарт қамығып. - «Ал өтірік айтқым келмесе ше?» - «Өтірік айтқын келмесе, үндеме. Үндемудің өзі де теліктіктің белгісі» - «Үндемей қалай өмір сүреміз?» - «Өмір сүргің келсе, үндемек түгіл, өтірік сөйлеуге де үйренесің, балам! Өмір саған емес, сен өмірге бейімделесің. Бұл - өзгермес өмір заңы. Бейімделгің келмесе, көрдің ғой не боларын...»

Бала бұған шыдай алмай, қарқылдап күліп жібереді. Сол-ақ екен Бас уәзір қамжы үйіріп кетіп келеді. «Әй, боқмұрын, кімді маззақ қып тұрсың?» - дейді төне түсіп. Бұдан баланың зәресі кетеді. Сосын сасқанынан: «Тойғаннан мәз боп тұрмын», - дейді қарны шұрылдап тұрғанына қарамай. Өстіп, алғаш рет өтірік айтады. Ал қалың көпшілік анадайда үн шығармай, іштей егіліп жылап тұрды. Сол сәт олардың көздерінен тамған жастан қара топырақ ми батпаққа айналып бара жатты...

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

СӘРЕСІДЕ ОЯНБАҒАН АДАМ АУЫЗ БЕКІТЕ АЛАДЫ МА?

— Оразаның толық болуы үшін ниет ету шарт. Ниетсіз ораза қабыл болмайды. Рамазан оразасында кеш қарайғаннан сәресіне дейін ниет етуге болады. Негізінде оразаға сәресіден кейін ниет етіледі. Сәресіде ояна алмай қалған адам күн шығып кетсе де ниет етсе болады. Тек таң атқаннан кейін оразаны бұзатындай нәрсе жасамауы керек.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ниет жүрекпен жасалады. Ертеңіне ораза ұстайтыны жайында түнде ойлаған адам ниет еткен болып есептеледі. Ораза ұстау ниетімен сәресіге тұрған адамның бұл ойы да ниет болып есептеледі. Оразаға жүрекпен ниет ету жеткілікті. Дегенменен сәресіде оянып, тілек тілесе, одан да жақсы. Сондықтан ораза ұстайтын адам әрі жүрегімен, әрі тілімен ниет еткені жөн.

СӘРЕСІН ҚАЙ КЕЗДЕ ІШКЕН ДҰРЫС?

— Ауыз бекітер алдын ішетін ас-суды сәресі деп атайды. Сәресін ауыз бекітер уақыттан он минут бұрын ішкен дұрыс. «Сәресі ішіндер, өйткені сәресіде береке бар», — деген хадисте. Сәресін ішкен адам әл жинап, оразаны қиналмай ұстайды. Сәресі ішу дегеніміз — сүннетті орындау, құлшылыққа күш-қуат жинау, жаман мінездің пайда болуын алдын алу, садақа беруге жігерлендіру, дұға-тілек етуге мүмкіндік.

МӘМС ЖАРНАСЫН КІМДЕР ТӨЛЕЙДІ?

Әлеуметтік жағынан осал топқа кіретін 15 санаттағы азаматтар үшін МӘМС жарнасын мемлекет төлейді. Олар:

- балалар;
- ресми түрде тіркелген жұмыссыздар (2026 жылдан бастап олардың жарнасын әкімдіктер төлейді);
- жұмыс істемейтін жүкті әйелдер (соңғы екі айда олар үшін зейнетақы және әлеуметтік аударымдар төленбеген кезде);
- үш жасқа дейінгі баласының заңды өкілдерінің бірі — жұмыс істемейтін ата-ана;
- жүктілік және босану, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алу, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оған (оларға) күтім жасау бойынша демалыста жүрген тұлғалар;
- мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын жұмыс істемейтін тұлғалар;
- бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын жұмыс істемейтін тұлғалар;
- Қазақстанның БЖЗҚ-нан зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде ҰОС ардагерлері;
- сот үкімі бойынша ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдар (ең төменгі қауіпсіздік мекемелерін қоспағанда);
- тергеу изоляторларында отырғандар, сондай-ақ қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жұмыс істемейтін тұлғалар;
- жұмыс істемейтін қандастар;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» марапаттарын алған көп балалы аналар, бұрын «Батыр ана» атағын алғандар, сондай-ақ «Ана даңқы» І және ІІ дәрежелі ордендерімен нағрадалғандар;мүгедектігі бар адамдар;
- орта, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде оқитын адамдар (күндізгі бөлім студенттері);
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын жұмыс істемейтін тұлғалар.

2026 жылдан бастап жұмыссыздар үшін жарналарды жергілікті атқарушы органдар төлейді. Сондай-ақ олар Д және Е санатындағы азаматтар үшін жарна төлеу міндеттемесін өз мойнына алды.

Сәресі ішу — парыз емес. Ұйықтап қалған, не басқа себептермен сәресіні өткізіп алған адам ештеңе ішіп-жеместен ораза ұстай береді. Бірақ сәресіні жіберіп алмауға тырысқан жөн, өйткені ауызашарға ашығып жетесіз. Дұрыс тамақтанбау әлсіздік, бұлшықет атрофиясы, остеопороз, шаштың түсуі, анемия секілді ауруларға себепші болады.

Сәресі мезгілі — дұға-тілектер қабыл болатын ең берекелі уақыт. Сәресі ішу адамға күш береді, күндізгі жұмыстарын тыңғылықты атқаруға, ғибадаттарын кемшіліксіз орындауға көмектеседі. Бұған қоса, сәресіге тұрған кісі сүннет сауабын алады. Себебі, сәресі ішу — пайғамбарымыздың сүннеті.

Ауыз бекітуге жиырма минут қалғанда оянып, тағамның бәрін жеп тауысуды көздемеген жөн. Диетолог мамандар тіпті жарты, не бір сағат бұрын тұрып, су ішуге, тойып тамақтанбауға кеңес береді. Тойып жеген тамақ тез қорытылады да, аштық сезімін тудырады. Сәресіде айран, сүт ішіп, түрлі жаңғақ жеген дұрыс.

АУЫЗ БЕРІК КЕЗДЕ НЕМЕН АЙНАЛЫСҚАН ДҰРЫС?

— Алланы еске алуды ұмытпаңыз. Өзіңіз үшін де, өзгелер үшін де дұға етіңіз. Ұйқыны азайтыңыз. Маңызы жоқ кездесулерден бас тартыңыз. Көзді сақтаңыз. Сөз бен амалды қадағалаңыз. Дүние-уайымнан алшақтаңыз. Жақсы сөз сөйлеңіз. Өсек айтуды тиыңыз. Зиян әдеттерді тиыңыз. Құран оқып, намаз үйреніңіз. Тәубе етіңіз. Туыстық қатынасты нығайтып, күнде садақа беріңіз. Ата-анаға қызмет жасап, ниетке мән беріңіз. Әлеуметтік желіні аз пайдаланыңыз, оның орнына жаңа нәрсе үйреніңіз. Жақсылық жасап жүріңіз. Намазды жамағатпен оқуға, үнемі дөретпен жүруге тырысыңыз. Құран әліппесін білмесеңіз, аударма мағынасын оқып, жиі тыңдаңыз. Ашуды

сабырмен жеңіңіз. Жақындарыңызға сыйлық жасаңыз. Бос уақытты ғибадатпен, білім алумен, Құран оқумен, зікір, салауат айтумен өткізуге болады.

АУЫЗ БЕРІК КЕЗДЕ ТАМАҚ ЖЕСЕ ОРАЗА БҰЗЫЛАДЫ МА?

Ауыз бекіткенін ұмытып тамақ ішіп қойса, ораза бұзылмайды. Бірақ ұмытқан адам есіне түскен кезде тамақ жеуді дереу тоқтатуы керек; Ұйқыдан жүніп болып ояну; Аузына келген түкірікті, қақырықты жұту; Түкірік, немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі; Құлаққа су кіру, бұлақ ағу; Темекі түтіні, немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды; Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды;

Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды; Қан алдыру немесе сүлік салдыру; Көзге дәрі тамызу; Мұртты майлау; Көзге сүрме жағу; Мисуак немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ паста ішке кетіп қалса бұзылады. Негізгі таң намазы кірмей тұрып тісті жуған дұрыс; Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды, дәріні жұтпау керек;

Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет;

Душқа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ су жұтып қюдан сақтануы керек. Салқындау үшін киімді сулауға болады.

БРОКЕРДІҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Инвестициялық құралдарға ақша қаражатын салмас бұрын, брокерлік ұйымда лицензияның бар-жоғын міндетті түрде тексеру қажет.

Лицензия қаржы ұйымының уәкілетті органың қадағалауында екенінің дәлелі болып табылады. Лицензияның болмауы компанияның заң аясынан тыс жұмыс істейтінін және қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқықтарының қорғалмағанын білдіреді. Мұндай жағдайларда салынған қаражатты қайтару айтарлықтай қиын немесе мүмкін емес.

Банктердің, микроқаржы ұйымдарының, сақтандыру компанияларының, брокерлердің және қаржы нарығына өзге де қатысушылардың қызметін реттеу және қадағалау функцияларын Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүзеге асырады.

